Все вышеизложенное, в конечном счете, являются аналитической попыткой определить рациональное направление по установлению и закреплению доказательств, положительному использованию потенциала уголовно-процессуального закона при производстве следственных, негласных следственных действий и оперативно-розыскных мероприятий при досудебном расследовании данного вида уголовного правонарушения в сфере экономической деятельности на первоначальном, последующем и завершающем этапе.

Список использованной литературы

- 1 https://kodeksy-kz.com/ka/ugolovnyj_kodeks/215.htm /26.11.2023./ Уголовный кодекс Республики Казахстан: Практическое пособие. – Алматы: «Издательство «Норма-К», 2023. – 240 с.
- 2 Концепция правовой политики РК до 2030 года. Указ Президента РК от 15 октября 2021 г. за № 674. – Нур-Султан, Ак-Орда, 15.10.2021. – [adilet.zan.kz>rus/docs/v2100000674](https://adilet.zan.kz/rus/docs/v2100000674) – 26/11/2023/
- 3 Президент РК Токаев К-Ж.К. Послание народу Казахстана: «Экономический курс Справедливого Казахстана». – Нур-Султан, Ак-Орда, 01 сентября 2023г. // <https://primeminister.kz/ru/addresses/01092023.> //
- 4 Утебаев Е.К. Методика расследований преступлений в сфере экономической деятельности, связанных с незаконным предпринимательством, лжепредпринимательством и ложным банкротством. – Дисс. ... канд. юрид. наук: 12.00.09. – Астана, 2005. – 173с.
- 5 Ye.K. Utebaev, R.Kh.Temirgazin, A.B. Seidanov. Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan. Pre-trial investigation of criminal offenses in the field of economic activity, using the example of illegal business, illegal banking, microfinance and collection activities. Том 143 № 2 (2023): ВЕСТНИК Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ПРАВО. – Астана, 2023. - С. 77-92.
- 6 Нурғалиев Б.М., Туманян Ю.Р., Пинкевич Т.В. Актуальные проблемы борьбы с правонарушениями в банковской и кредитно-денежной сфере: «Проблемы борьбы с организованной преступностью и коррупцией». – Караганда, 1999. – С.74-85.
- 7 Материалы ДСЭР по области Абай РК. – 2000-2023.
- 8 Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан: Практическое пособие. – Алматы: «Издательство «Норма-К», 2023. – 368 с.

Секция 2. ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА АЗАМАТТЫҚ ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Секция 2. ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ГРАЖДАНСКОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ

ҒТАХА 10.27.65

Ерлан Майданович Айтказин,
«заң ғылымдарының магистрі,
Alikhan bokeikhan University
азаматтық - құқықтық пәндер кафедрасының
аға оқытушысы
aytkazin1805@mail.ru

Жулдыз Еркиновна Раймбекова
заң ғылымдарының магистрі,
Alikhan bokeikhan University
азаматтық - құқықтық пәндер кафедрасының
аға оқытушысы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУДІҢ ӨЗЕКТІ СҰРАҚТАРЫ

Аннотация. Қазақстан Республикасында медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру жүйесін енгізу және тиісті нормативтік-құқықтық актілерді қабылдау жоспарлануда.

Мақалада шет елдердегі дәрігерлер мен басқа да медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру тетіктеріне шолу жасалынып, оларды Қазақстанда енгізу мүмкіндігі талқыланған.

Зерттеудің мақсаты медициналық көмектің сапасын арттыруға, медицина қызметкерлерінің құқықтық қорғалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін және науқасқа келтірілген зиян үшін өтемақы төлеуге кепілдік болатын жүйені ұсыну бойынша шетелдік тәжірибені қолдану мүмкіндіктерін талдау болып табылады.

Жүргізілген зерттеулерге шолу негізінде авторлар сақтандырудың бұл түрі бүгінгі күні науқастар мен медицина қызметкерлерінің құқықтарын қорғаудың ең тиімді құралдарының бірі болып табылады, бұл Қазақстан Республикасы үшін сөзсіз қажет және уақытылы деген қорытындыға келеді.

Бұл механизмнің басты артықшылықтары ретінде авторлар науқасқа келтірілген залал үшін өтемақыға кепілдік берілетінін және нақты төлем механизмі қалыптасатынын, сонымен қатар медицина қызметкері мен денсаулық сақтау ұйымының келтірілген залал үшін ортақ жауапкершілігінің бекітілуіне қол жеткізілетінін атап көрсетеді.

Түйінді сөздер: медицина қызметкері; медициналық мекеме; науқас; сақтандыру; кәсіби жауапкершілікті сақтандыру; кәсіби жауапкершілік; өтемақы; медициналық қызмет.

Аннотация. В Республике Казахстан планируется введение системы страхования профессиональной ответственности медицинских работников и принятие соответствующих нормативно-правовых актов.

В статье проведен обзор механизмов страхования профессиональной ответственности врачей и других медицинских работников за рубежом и обсуждена возможность их внедрения в Казахстане.

Целью исследования является допустимость применения иностранного опыта по представлении системы, гарантирующей выплату компенсации за причиненный больному вред, что обеспечит повышение качества медицинской помощи и правовую защиту медицинских работников.

На основе обзора проведенных исследований, авторы пришли к выводу, что данный вид страхования на сегодняшний день является одним из наиболее эффективных средств защиты прав больных и медицинских работников, что безусловно, необходимо и своевременно для Республики Казахстан.

В качестве главных достоинств этого механизма авторы подчеркивают тот факт, что за причиненный больному ущерб гарантируется компенсация и формируется четкий механизм оплаты и достигается закрепление солидарной ответственности медицинского работника и организации здравоохранения за причиненный ущерб.

Ключевые слова: медицинский работник; медицинское учреждение; пациент; страхование; страхование профессиональной ответственности; профессиональная ответственность; компенсация; медицинская деятельность.

Abstract. In the Republic of Kazakhstan, it is planned to introduce a system of professional liability insurance for medical workers and the adoption of appropriate regulatory legal acts.

The article reviews the mechanisms of professional liability insurance of doctors and other medical workers abroad and discusses the possibility of their implementation in Kazakhstan.

The purpose of the study is the permissibility of using foreign experience to present a system that guarantees compensation for the harm caused to the patient, which will ensure an improvement in the quality of medical care and legal protection of medical workers.

Based on the review of the conducted studies, the authors came to the conclusion that this type of insurance is currently one of the most effective means of protecting the rights of patients and medical workers, which is certainly necessary and timely for the Republic of Kazakhstan.

As the main advantages of this mechanism, the authors emphasize the fact that compensation is guaranteed for the damage caused to the patient and a clear payment mechanism is formed and the consolidation of joint responsibility of the medical worker and the health organization for the damage caused is achieved.

Keywords: medical worker; medical institution; patient; insurance; professional liability insurance; professional liability; compensation; medical activity.

Кіріспе. Тәуекелге баратын жағдайлардың көп болуына байланысты медициналық қызмет ең қауіптілердің қатарына жатады, бұл, ең алдымен, медициналық қателік жіберілген жағдайда адам өміріне қауіп төнуінен көрінеді. Осы тұрғыдан кәсіби жауапкершілікті сақтандыру жүйесі медицина қызметкерлерін қорғаудың ең тиімді құралдарының бірі деуге негіз бар. Медицинасы жоғары дамыған әлемнің біраз елдерінде бұл жүйені қолдану міндетті болып табылады.

Қазақстан Республикасында да ағымдағы жылы тиісті заң қабылданғаннан кейін медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру жүйесінің енгізілуі жоспарлануда. Бұл шара науқастар мен медицина қызметкерлерінің құқықтарының қорғалуын қамтамасыз етуге септігін тигізіп, медицина мамандығына деген құрметті көтеріп, сала қызметкерлерінің беделін арттыруға, сондай-ақ жас буынды денсаулық сақтау саласына тартуға көмегін тигізуі тиіс деп болжануда.

Заң жобасы ұзақ уақыт бойы талқыланып келеді және 2023 жылы жоспарланғанына қарамастан әлі қабылданған жоқ. Кәсіби жауапкершілікті сақтандырудың механизміне қатысты сұрақтар бар.

Кез келген мемлекетте кәсіби жауапкершілікті сақтандыру секілді құралды енгізу елде қалыптасқан қолданыстағы құқықтық жүйенің ерекшеліктерімен тығыз байланысты және оларды ескеру міндетті талаптардың бірі болып табылады. Қазақстанда мұндай сақтандыру түрін енгізу қажеттілігі қоғамда белсенді талқылануда, тиісінше, тақырып біраз

жылдар бойы өзінің өзектілігін жоймай келеді. Сондықтан да, қазіргі уақытта зерттеу тақырыбына деген ғылыми қызығушылық жоғары.

Осы зерттеудің мақсаты шет елдердегі медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру технологияларын зерттеу, үздік тәжірибелерді елімізде қолдану мүмкіндіктерін қарастыру болып табылады. Түпкі мақсат науқасқа келтірілген зиян үшін өтемақының төленуіне кепіл болатын, медициналық көмектің сапасын арттыруға және медицина қызметкерлерінің құқықтық қорғалуына кепіл беретін жүйені ұсыну.

Әдістер мен материалдар. Медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру тақырыбын зерттеу бағытындағы отандық және шетелдік авторлардың ғылыми еңбектеріне шолу жасалынып, елдердегі қалыптасқан сақтандыру жүйелеріне теориялық және жүйелік талдау әдістері пайдаланыла отырып зерттелді. Зерттеу барысында статистикалық мәліметтер мен ғылыми ақпарат көздерін талдау үшін аналитикалық әдіс қолданылды.

Мақаланы дайындау үшін материалдар ретінде «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі мен денсаулық сақтау қызметін реттейтін өзге де нормативтік актілер қолданылып, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы мен «Медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру қағидаларын бекіту туралы» Денсаулық сақтау министрі бұйрығының жобасы терең талданды.

Талқылау. Бүгінгі күнде науқастарға келтірілген зиянды өтеу жағдайы еліміздегі осы бағыттағы жалпы тәртіппен реттеледі. Айталық, ота барысында хирургтың немесе анестезиологтың қателіктерінен зардап шеккен адамға «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 77-бабы 12) тармағында азаматтық құқық көздейтін жалпы тәртіппен қорғалу ұсынылған[1]. Бұл тәртіп өз кезегінде Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 9-бабымен регламенттеледі[2].

Статистикалық деректерге сүйенсек Қазақстанда медицина қызметкерлерінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамауына байланысты әкімшілік және қылмыстық істердің саны азаймай келеді. Бұған келесі факторлар әсер етуде:

1. «Науқас-дәрігер» қатынастарын реттейтін нормативтік-құқықтық база жеткілікті деңгейде пысықталмаған.

2. Медицина қызметкерлерінің өз құқықтық қорғау мәселелерінде нашар хабардарлығы.

3. Медициналық ұйым басшылығының оқиға себептерін анықтауға, оған терең талдау жүргізуге және құқық қорғау органдарына жүгінуге мүдделі болмауы.

4. «Медициналық қателік» терминінің заңды анықтамасының болмауы.

5. Кәсіподақтар мен медициналық қоғамдық ұйымдардың әлсіз жұмысы.

6. Медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру қорының болмауы [3].

Соңғы жылдары дамыған елдердің денсаулық сақтау жүйелерінің мол тәжірибесін қабылдай отырып, біздің мемлекетіміз денсаулық сақтау жүйесін дамыту шеңберінде медициналық қызметтердің сапасын жақсартуға бағытталған түрлі реформалар жүргізіп келеді. Медициналық қызмет сапасының басты көрсеткіштері ретінде науқастардың қауіпсіздігі мен медицина қызметкерлерінің құқықтық және әлеуметтік қорғалуы қарастырылуда.

Осы орайда, 2022 жылы медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру тұжырымдамасын елімізде енгізуді Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният ұсынған болатын [4]. Науқасқа келтірілген зиян үшін өтемақы төлеуді Денсаулық сақтау министрлігі айқындаған жағдайлар бойынша сақтандыру компаниясы жүргізетін болады. Төлемнен бас тартқан немесе мөлшеріне қанағаттанбаған жағдайда науқас сотқа жүгінуге құқылы. Сақтандыру жарнасының мөлшері тәуекел дәрежесіне байланысты бекітілген

актуарлық есептеулер негізінде медицина қызметкерінің жауапкершілік дәрежесін ескере отырып айқындалатын болады.

Денсаулық сақтау министрлігінің пікірінше, мұндай тәсіл көрсетілетін медициналық көмектің сапасын арттыруға мүмкіндік береді және тұтастай алғанда республиканың халықаралық аренадағы денсаулық сақтау рейтингіне жағымды әсер ететін болады.

Осыған орай, Денсаулық сақтау министрлігі Медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру ережесін әзірлеп үлгерді. Ережеге сәйкес медицина қызметкерінің медициналық қызметті кәсіби жауапкершілігін сақтандыру шартын жасаспай жүзеге асыруға құқығы болмайды.

Сақтандыру жүйесін енгізудің бастапқы кезеңінде сақтандыру жағдайы бойынша сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін анықтау ұсынылады: науқастың өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиян үшін және: өлімге – 1000 АЕК; мүгедектікті белгілеу: бірінші топ – 800 АЕК; екінші топ – 600 АЕК; үшінші топ – 500 АЕК; «мүгедек бала» – 500 АЕК; мүгедектік белгіленбей мертігу немесе жарақат алу немесе денсаулыққа өзге де зақым келтіру – нақты шығыстар мөлшерінде, науқасты амбулаториялық немесе стационарлық емдеу – 300 АЕК.

Медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру шарты жыл сайын жасалатын болады. Құжат сақтандыру төлемі түскен күннен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады, ал оны бөліп төлеген жағдайда – сақтандырушының банктік шотына бірінші сақтандыру жарнасы түскен кезден бастап қолданысқа енеді [5].

Министр халықаралық тәжірибеге сүйене отырып және қазақстандық қоғамның дамуын ескере келе, медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандырудың оңтайлы тетігі ретінде АҚШ, Германия, Жапония және Түркия модельдері бойынша сақтандырудың бейімделген нарықтық моделін ұсынады [6].

Жүйенің басты міндеті – науқас денсаулығына келтірілген залал үшін медицина қызметкері мен медициналық мекеменің ортақ жауапкершілігін бекіту болып табылады. Отандық ғалымдардың пікірінше міндетті кәсіби жауапкершілікті сақтандыруды енгізу, әсіресе, денсаулық сақтау мамандары үшін маңызды, себебі ол медициналық көмек көрсетуде келтірілген залал жағдайында оны өтеу кепілдігін қамтамасыз етеді, көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын арттырады, жанжал деңгейін төмендетеді, науқасқа келтірілген залал үшін өтемақы кепілдендірілген болады және құқықтық қақтығысты шешудің нақты механизмі бекітіледі [7].

Дегенмен, қаржыландырудың жеткіліксіздігі жағдайында жауапкершілік қаупінің артуына қарамастан, отандық клиникалар өз мүдделерін қорғау үшін сақтандыру құралдарын пайдаланғысы келмейді. Қарсылықтың себебі де түсінікті. Мәселен, медицинадағы абайсызда жіберілген қатенің құны өте жоғары, егер оған жол берілсе медицина қызметкері мен ол жұмыс істейтін ұйым қолданыстағы заңнама шеңберінде әртүрлі жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Ал жаңадан қабылданып жатқан жүйе жауапкершілік құнын аталған тараптар арасында тең бөлуді көздейді.

Сонымен қатар аталған сақтандыру түріне деген қоғам тарапынан сенімсіздік де байқалады. Бұл әрине қарсылық емес, бірақ қоғамда жүйе оң нәтижелі болады дегенге күмән бар. Мұндай пікірдің болуының бір себебі осыған дейін енгізілген міндетті медициналық сақтандыру жүйесінің қызметіндегі кемшіліктер болуы мүмкін [8]. Ондай кемшіліктердің бар екендігі туралы және жалпы медициналық қызметтің сапасына байланысты сұрақтардың күрделі екендігін еліміздің Президенті Қ.К. Тоқаев та өз жолдауында атап өткен болатын. Мемлекет басшысының пікірінше сақтандыру моделі тұрақсыз, әрі жүйесіз дамуда және бұл үлкен олқылық [9].

Медициналық мекемелердің қызметі адам өмірін күнделікті құтқарумен байланысты болғандықтан әлеуметтік жауапкершіліктің жоғары деңгейіне жатады. Байқаусызда жіберілген қатенің құны өте жоғары, егер оған жол берілсе, медицина қызметкері мен ол жұмыс істейтін ұйым қолданыстағы заңнама шеңберінде әртүрлі жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Науқас немесе оның туыстары медициналық мекемеге талап қойып, ол қанағаттандырылған жағдайда оны өтеу медицина қызметкеріне өте ауыр тиюі мүмкін. Тәжірибеде ондай жағдайлар кездесіп тұрады. Сондықтан да, өзін жағымсыз салдардан қорғау үшін дәрігердің кәсіби медициналық жауапкершілігіне байланысты күтпеген шығындарды жабатын қосымша қаржыландыру көздері болуы тиіс [10].

Қазақстанда медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру жүйесін енгізудегі басты кедергі болып отырған мәселелердің бірі де осында жатыр. Елімізде денсаулық сақтау саласын қаржыландыру тұрақты болғанымен ол дамыған елдерден қарағанда 3-4 есе аз [11]. Әрине, бұл көрсеткіштер мемлекет есебінен қаржыландырылатын медициналық ұйымдарға қатысты, ал жеке сектордағы жағдай жақсырақ деуге болады. Елімізде жыл сайын жеке клиникалардың саны артып келеді. Олар мемлекеттік тапсырысты орындауда тең қолжетімді мүмкіндік ала отырып, заңдық та, стратегиялық та жеткілікті қолдауға ие.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының мәліметінше Қазақстанда 700-ден астам жеке клиникалар Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі (ТМККК) мен Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйелерінің негізінде қызмет көрсетеді. Қор 2022 жылы 1389 медициналық ұйыммен медициналық қызмет көрсетуге шарт жасасқан, оның жартысынан көбі – жеке меншік ұйымдар. Өткен жылы халыққа медициналық қызметтерді қаржыландыруға 2 трлн теңге қарастырылса, мұның ішінде МӘМС жүйесінде 838 млрд теңге қарастырылған. Қажетті медициналық қызметті алу үшін қормен осы қызметтерді көрсетуге шарт жасасқан клиникалардың кез келгенін таңдауға болады. Қор өнім берушілерінің арасында жеке клиникалар үлесі басым, олардың саны – 717 медициналық ұйым. Бұл қордың барлық өнім берушілерінің 50%-дан астамы [12].

Қазіргі уақытта, жалпы әлемдік тәжірибеде науқастың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу мәселесін шешудің негізгі екі тәсілі бар. Олардың біріншісі бойынша – зардап шеккен адам медициналық қызметкердің кінәсі болған жағдайда ғана өтемақы алуға құқылы. Мұндай жүйе әлемнің көптеген елдерінде, соның ішінде АҚШ, Жапония, Германия, Франция, Ұлыбритания және Ресейде қолданылады. Мұндай тәсіл дәрігер мен оның ұйымының кінәсі заңды түрде дәлелденбеген жағдайда өтемақы төлеуден бас тарту мүмкіндігін қарастырады. Сондай-ақ бірқатар елдерде (Швеция, Австралия, Финляндия, Дания) сақтанушының кінәсі болмаған жағдайда да зиян келгені үшін жауапкершілікті сақтандыру жүйесі жұмыс істейді. Мұндай схема зардап шеккендерге дәрігердің кінәсін дәлелдеусіз де өтемақы алуға мүмкіндік береді. Бірақ көп жағдайда мұндай өтемақылардың мөлшері заңмен шектеледі және бұл өз кезегінде сақтандыру құнын едәуір төмендетуге мүмкіндік береді [13].

Жекелеген елдердің сәтті тәжірибелері елімізде аталған жүйені енгізу мүмкіндіктерін қарастыруға негіз болып отыр. Бұл процесс елімізде қалыптасқан қолданыстағы құқықтық жүйенің ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асуы тиіс және мемлекеттердегі құқықтық базалар терең зерттелуі қажет. Сондықтан да осы зерттеу барысында әлемдегі медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру жүйелерінің бірнеше үздік тәжірибелеріне шолу жасауды жөн көрдік.

АҚШ. Медициналық жауапкершілікті сақтандыру тұрғысынан АҚШ нарығы ең дамығандардың қатарына жатады. Ортақ мемлекеттік заң жоқ, әр штатта жалпы ортақ қағидаларға негізделген ережелер бекітілген. Сақтандыру негізінен жеке коммерциялық сақтандыру қорлары арқылы жүргізіледі. Бұл процеске үлкен акционерлік капиталы және айтарлықтай сақтандыру резервтері бар ірі сақтандыру компаниялары қатысады. Алайда, сонымен қатар дәрігер сақтандыру полисін Біріккен сақтандыру қауымдастығы түрінде құрылған арнайы мемлекеттік сақтандыру қорларынан да ала алады. Ондай сақтандыру қызметкер үшін арзанға түсуі мүмкін. Елде дәрігердің тұрғылықты жеріне немесе оның мамандығына қарамастан медициналық кәсіби жауапкершілікті сақтандыру операцияларының әр алуан түрлері жүзеге асырылады.

АҚШ медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру жүйесінің артықшылықтары ретінде келесілерді атауға болады:

1. АҚШ-та дәрігер мамандығы жоғары беделге ие және медицина қызметкеріне төленетін жалақы мөлшері жоғары деңгейде. Сондықтан да әрбір қызметкер сақтандыруға байланысты шығындарды қиындықсыз көтере алады.

2. Тағы бір ғылыми қызығушылық тудыратын ерекшелік – ортақ жауапкершілік деңгейінің жоғары болуы. АҚШ-та дәрігерлер ғана емес, сонымен қатар медициналық ұйымдар да заңды тұлғалар ретінде өздерінің азаматтық жауапкершілігін сақтандыруды әдетті тәжірибеге айналдырған. Жұмыс берушілер ретінде олар заң бойынша өз қызметкерлерінің немқұрайлылығы үшін жауап береді. Ауруханалар кейде медбикенің немесе штаттық дәрігердің немқұрайлылығы туралы сот процестерінде жауапкер ретінде қатысатын кездер болады. Ауруханалар көбінесе өздерін қорғаумен қатар өз жұмысшыларының атынан қорғауды жүзеге асырады және талапкер жеңген жағдайда өтемақы төлеуге міндеттенеді.

3. АҚШ-та «медициналық қателік» пен «немқұрайлылық» арасындағы айырмашылық ажыратылмайды. Мұнда медицина қызметкерлеріне «соңғысының зиян немесе зиян келтірмеуі үшін басқа адамдарға қатысты сақтықты» сақтаудағы жалпы талап маңызды болып табылады. Шағымдар мен сот істерін қарау кезінде «көмек стандарты» ұғымы әрбір нақты жағдай үшін жеке айқындалады.

4. Тағы бір маңызды айырмашылық – бұл істі сотта қарау кезінде талапкер абайсыздықтың келесі төрт белгісінің болуын дәлелдеуі керек, онсыз ол сақтандыру төлемін ала алмайды:

1) Дәрігер науқасқа қатысты сақтық талаптарын сақтауға ресми міндетті болуы.

2) Дәрігер өз міндетін науқасты диагностикалау мен емдеуге қатысты кәсіби стандартты бұза отырып орындағаны анықталып, осылайша кәсіби немқұрайлылыққа жол берілуі тиіс.

3) Науқастың денсаулығына шынымен зиян келуі тиіс.

4) Науқастың денсаулығына келтірілген зиян дәрігердің өз міндеттерін орындамауының (немқұрайлылығының) тікелей салдары болуы міндетті [14].

Ал американдық денсаулық сақтау жүйесінің кемшілігі ретінде қызметтердің жоғары құнын атауға болады. Оның себептері медицина қызметкерінің науқасқа зиян келтіретін және кейіннен талап қоюға әкелетін кәсіби қателік жасау қорқынышында жатыр. Тиімді, бірақ қауіпті емдеуді (мысалы, хирургиялық араласу) тағайындаудың орнына дәрігерлер қосымша диагностикалық процедураларды немесе консервативті емдеу әдістерін жасауға бейім. Бұл әрине қолданыстағы емдеу стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады және аз қауіпті, бірақ тиімділігі төмен және қымбаттырақ болады. Бұл тактика «қорғаныс медицинасы» (defensive medicine) деп аталып кеткен және зерттеушілердің бағалауы бойынша американдық денсаулық сақтау жүйесіндегі барлық қызметтердің төрттен бір бөлігі осы «қорғаныс медицинасы» шеңберіндегі әрекеттерден туындайды. Мұның барлығы медициналық қызметтердің тым жоғары құнына әкелуде [13].

Түркия Республикасы. 2003 жылы «Денсаулық сақтауды қайта құру» бағдарламасының қабылдануымен Түркия медицинасының жаңа кезеңі басталды деуге болады. Жалпы бұл елдің медицинасы бүгінгі күндері жоғары деңгейде және мемлекеттегі медициналық жауапкершілікті сақтандыру жүйесі де тиімді жұмыс істеуде.

Елде дәрігерлер мемлекеттік немесе жеке денсаулық сақтау мекемелерінде жұмыс істеуіне қарамастан, заң бойынша медициналық қателіктер үшін жауапкершілікті сақтандыруы міндетті талап болып табылады. Үкімет мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінде жұмыс істейтін дәрігерлердің барлық сыйақы шығындарының жартысын төлейді. Сақтандыру полисінің нақты құны мамандықтың саласына (мысалы, пластикалық және эстетикалық хирургия, шұғыл медициналық көмек, хирургиялық онкология, кардиохирургия, ми хирургиясы, анестезиолог, гинеколог, неонатолог және т.б.) және кәсіби мәртебесіне (мысалы, жалпы тәжірибелік дәрігер) байланысты. Сонымен қатар дәрігерлердің

сақтандыру сыйақыларының мөлшері олардың қолайсыз оқиғаларының тарихы мен тәжірибе көлеміне де байланысты [15].

Науқас өзіне келтірілген зиянның өтемақысын сақтандыру компаниясына жауапкер ретінде тікелей талап қою арқылы немесе сотқа жүгіну арқылы ала алады. Сонымен қатар өтемақы өндіріп алудың үшінші тәсілі қарастырылған, ол – «Сақтандыру туралы» №5684 заңымен құрылған сақтандыру арбитраждық комиссиясына жүгіну арқылы. Алайда, бұл процестің ұзақтығы мен тек белгіленген шеңберде ғана өтемақы беруіне байланысты тәжірибеде көп қолданыла бермейді [16].

Дегенмен, Түрік жүйесінің де кем тұстары бар. Оның негізгісі американдық жүйедегі секілді «қорғаныс медицинасы» проблемасы болып отыр. Медициналық жауапкершілік туралы алаңдаушылық дәрігерлерді «қорғаныс медицинасымен» айналысуға түрткі болуда.

Мәселен, нейрохирург мамандары арасында жүргізілген зерттеулер нәтижесінде аталған мамандық өкілдерінің 72 пайызы «қорғаныс медицинасы» тактикасын қолданғандығы анықталған. Бұл үрдіс негізінен тәжірибесіз нейрохирургтар арасында (74,4%) жиі орын алған, олардың көпшілігі 40 жасқа толмаған (75,2%), олар көбінесе (72,7%) мемлекеттік ауруханаларда жұмыс істеген. Респонденттер жоғары қауіпті операцияларды тағайындамау (62,6%), зертханалық зерттеулерге жіберу (33,7%), науқастарды кеңесшілерге жіберу (31,2%) арқылы «қорғаныс медицинасы» тактикасын қолданғанын хабарлаған.

Осылайша, жоғары қауіпті операцияларды тағайындамау, қажетсіз диагностикалық сынақтарды тағайындау және науқастарды кеңесшілерге жіберу арқылы нейрохирургтар өздерін заңды тәуекелдерден қорғауға тырысқан, ал бұл өз кезегінде емделу шығындарының артуы мен мерзімінің ұзаруына әкеліп соғуда [17].

Канада. Канадада медицина қызметкерлерінің құқықтарын қорғау және кәсіби жауапкершілігін сақтандыру қызметін Канадалық медициналық қорғаныс қауымдастығы атқарады.

Канадалық медициналық қорғаныс қауымдастығы (СМРА) – мүшелікке негізделген, Канададағы дәрігерлер үшін заңды қорғауды, жауапкершілікті қорғауды қамтамасыз ететін және тәуекелдерді басқару бойынша оқытуды жүргізетін коммерциялық емес ұйым. СМРА сонымен қатар клиникалық күтімнен абайсызда зардап шеккен науқастар мен олардың отбасыларына өтемақы төлеуді жүзеге асырады. Бүгінгі күнде 95% канадалық дәрігерлер аталған қауымдастықтың мүшесі болып табылады.

Дәрігер Канаданың сот жүйесіне келгенде, оның заңды қорғанысын СМРА қаржыландырады, ол өзі қабылдаған істерді тек өзінің қалауы бойынша жүргізеді. СМРА азаматтық сотта медициналық немқұрайлылық үшін сотқа тартылған дәрігерді қорғайды, сондай-ақ қаржылық алаяқтық (мысалы артық төлемдер), лауазымдық қылмыстар, жыныстық құқық бұзушылықтар, тіпті ұрып-соғу және ауыр қылмыстар үшін қылмыстық сотта айыпталған дәрігерді құқықтық қорғауы мүмкін [10].

Алайда, канадалық жүйенің бір ерекшелігі бар. СМРА дәрігерлердің құқықтарын қорғау қызметімен айналысуына қарамастан ол сақтандыру компаниясы емес, дәрігерлерге көмегін қатаң түрде дискрециялық негізде атқарады. СМРА кеңесі ешқандай себепсіз көмекті шектеуге, қабылдамауға немесе тоқтатуға толық құқылы. СМРА дәрігерлермен олардан келген зиян үшін шығынды өтеу туралы келісім жасамайды немесе медициналық қателік салдарынан жарақат алған науқастарға ешқандай кепілдіктер бермейді.

Мұндай жағдай қоғамда, бағытты зерттеп жүрген ғалымдар мен мамандар арасында алаңдаушылық тудыруда. Олардың пікірінше СМРА талаптарға жауап беруі керек деген тікелей заңды міндеттеменің жоқтығы медициналық қызмет тұтынушыларын қорғаусыз қалдыруда [18].

Нәтижелер. Осы зерттеу аясында шетелдік дәрігерлер мен басқа да медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру технологияларына шолу жасалынып, оларды Қазақстанда енгізілу мүмкіндігі талқыланды. Өзінің кемшіліктеріне қарамастан шетелдердегі, оның ішінде осы зерттеу барысында талқыланған елдердегі медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру жүйелері сәтті жұмыс атқаруда.

Мемлекеттердегі медициналық қызмет сапасы жоғары және сала қызметкерлерінің құқықтары толыққанды қорғалуда. Сақтандыру процесіне үлкен акционерлік капиталы мен айтарлықтай сақтандыру резервтері бар ірі сақтандыру компаниялары қатысады. Науқастарға келтірілген зиянды өтеу кепілдендірілген және жауапкершілік пен сапалы қызмет көрсетуге деген мүдделілік медицина қызметкері мен ұйым арасында ортақ болуына қол жеткізілген.

Аталған елдердегі орын алып отырған «қорғанис медицинасы» мәселесіне келетін болсақ, қалай дегенмен де, ондай емдеу тактикасының жиі қолданылуы медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру жүйесінің сол мемлекеттерде болуы немесе болмауына тікелей байланысты емес деп санаймыз. Тіпті, өзі жұмыс істейтін ұйыммен заң шеңберінде әртүрлі жауапкершілікке тартылуы жағдайы медицина қызметкерін одан да жоғары қорғансыз сезінуіне әсер етуі мүмкін.

Ал, еліміздегі медицина қызметкеріне төленетін жалақының төмендігі мен жалпы денсаулық сақтау саласын қаржыландырудың дамыған елдерден қарағанда 3-4 есе аз болуы елімізде медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру жүйесін енгізудегі тікелей кедергі болып отыр. Медицина қызметкерінің жалақысы жыл сайын көтерілуіне қарамастан әлі де жеткіліксіз деңгейде қалып отыр [19]. Сол себепті, өкілетті орган жүйені ағымдағы жылы енгізу жоспарына қарамастан, тек 2025 жылдан бастап сақтандыру сыйақысының сомасын медициналық ұйым мен медицина қызметкері арасында бөліп төлеу ұсынылып отыр деп болжаймыз.

Қорытынды. Қазақстанда өткен жылдардың тәжірибесін ескере отырып, халықаралық тәжірибені талдау негізінде, сондай-ақ жұртшылықтың, мемлекеттік органдар мен сақтандыру компанияларының қатысуымен жүргізілген талқылаулардың қорытындылары негізінде медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандырудың мезанизмі қабылдану үстінде. Оған сәйкес жұмыс беруші, яғни медициналық ұйым сақтанушы болады, ол бастапқы кезеңде сақтандыру сыйақысының сомасын өзі төлейді, ал 2025 жылдан бастап медицина қызметкерлерімен бірлесіп төлеу жоспарлануда.

Жүргізілген зерттеулер мен шетелдік тәжірибелерге шолу негізінде елімізде аталған сақтандыру түрін енгізу қажет және уақытылы деген түйінге келдік. Бүгінгі күнге науқастар мен медицина қызметкерлерінің құқықтарын қорғаудың ең тиімді құралдарының бірі осы болып отыр. Бұл шара медициналық қызмет сапасын жақсартуға және науқастар мен медицина қызметкерлерінің құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ете отырып, сала қызметкерлерінің беделін арттырып, жас буынды денсаулық сақтау саласына тартуға көмегін тигізуі тиіс. Сонымен қатар бұл механизмнің басты артықшылығы ол арқылы науқас денсаулығына келтірілген залал үшін медицина қызметкері мен медициналық мекеменің ортақ жауапкершілігінің бекітілуіне қол жеткізілуінде болмақ.

Сонымен Қазақстанда медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру жүйесін енгізу келесідей нәтижелерге немесе медицина саласындағы мәселелердің шешілуіне қол жеткізуге мүмкіндік беруі тиіс деп санаймыз:

- зиянды өтеу кепілдігін қамтамасыз етеді: келтірілген залал үшін өтемақы кепілдендірілген және төлем жүргізудің нақты механизмі қалыптасады;
- медициналық қызмет көрсету сапасының жақсаруына әсер етеді;
- науқас денсаулығына келтірілген залал үшін медицина қызметкері мен медициналық мекеменің ортақ жауапкершілігі орнайды, тиісінше тараптар сапалы қызметке бірдей мүдделі болады;
- медициналық ұйымдардағы жанжалдар көлемі азаяды және туындаған мәселелерді сотқа жеткізбей шешу мүмкіндігі пайда болады;
- еліміздің сот жүйесін жүктемеден жеңілдететін болады.

Халықаралық тәжірибеге талдау жүргізіп отыру аса маңызды. Медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандырудың оңтайлы тетігі ретінде АҚШ, Германия, Жапония және Түркия модельдері бойынша сақтандырудың бейімделген нарықтық моделін енгізу тұрғысындағы Денсаулық сақтау министрлігінің ұсынысымен

келісеміз. Мұндай модель қазақстандық медицинаның қазіргі даму кезеңінде қолайлы болуы керек. Сақтандыру түрінің міндетті болуы да бүгінгі күнде қажеттілік деп санаймыз. Себебі медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыруының міндетті болуы жүйені елімізде жүйелі түрде енгізуге мүмкіндік беріп, бастапқы кезеңде сәтті енуіне көмегін тигізуі тиіс. Ал болашақта дәрігерлердің кәсіби қауымдастықтары арқылы жүзеге асыратын сақтандырудың канадалық моделін де қарастыруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы: Қазақстан Республикасының 2020 ж. 7 шілдедегі №360-VI ҚРЗ Кодексі [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000360> (жүгінген күні: 14.08.2023).
2. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 1994 ж. 27 желтоқсандағы №268-XIII [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_ (жүгінген күні: 15.08.2023).
3. Toleubayev, M. Attitude towards of medical errors in Kazakhstan and in the world / M. Toleubayev // Journal of Clinical Medicine of Kazakhstan. – 2016. – Volume 4, Issue 42. – Pp. 22-26.
4. В Мажилісе Парламента законопроект о страховании профответственности медработников принят в первом чтении / Министерство здравоохранения Республики Казахстан [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://www.gov.kz/memleket/entities/dsm/press/news/details/479118?lang=ru> (дата обращения: 20.08.2023).
5. «Медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігімен әзірленген бұйрық жобасы / «Ашық НҚА» порталы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=14462379> (жүгінген күні: 20.08.2023).
6. Документ по страхованию профответственности медработников одобрили в Мажилісе / Международное информационное агентство «Казинформ» [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://www.inform.kz/ru/dokument-po-strahovaniyu-profotvetstvennosti-medrabotnikov-odobrili-v-mazhilise_a4015205 (дата обращения: 20.08.2023).
7. Alchimbayeva, M. Medical Liability, Defensive Medicine, and Introduction to Professional Insurance in the Republic of Kazakhstan / M. Alchimbayeva, et al. // Open Access Macedonian Journal of Medical Sciences. – 2022. – №10(F). – Pp. 495-500.
8. Разиева, Д.Б. Қазақстан Республикасында медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру / Д.Б. Разиева, Е.М. Айтказин, М.А. Амирова // «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтының Жаршысы» ғылыми-құқықтық журналы. – 2023. – №2(73). – 53-62 бб.
9. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы / Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416> (жүгінген күні: 22.08.2023).
10. Орлов, С.Ф. Российский и зарубежный опыт страхования профессиональной ответственности медработников / С.Ф. Орлов // *Экономист лечебного учреждения*. – 2019. – №9. – С. 177-186.
11. Omir, A.S. Measuring Main Public Health Indicators of the Republic of Kazakhstan / A.S. Omir, N.A. Abilkaiyr // *Economics: the strategy and practice*. – 2021. – №16(3). – Pp. 192-203.
12. 700-ден астам жеке клиникалар ТМККК және МӘМС қызметтерін көрсетеді / «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамының баспасөз орталығы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://fms.kz/kz/press-center/press-relizy/36648/> (жүгінген күні: 25.08.2023).

13. Завражский, А.В. Анализ отечественного и зарубежного опыта страхования профессиональной ответственности медицинских работников / А.В. Завражский // Финансы и управление. – 2019. – №1. – С. 79-90.
14. Пилат, В.Б. Сравнительный анализ российской и зарубежной практики страхования ответственности в медицине / В.Б. Пилат // Путеводитель предпринимателя. – 2013. – №20. – С. 209-219.
15. Durmuş, V. A broad overview of medical malpractice liability policy in Turkey / V. Durmuş // *International Journal of Tourism Management*. – 2017. – №2(2). – Pp. 3-18.
16. Tunc, O. Private health insurance in Europe and Turkey / O. Tunc, M. Kiyak // *Journal of Economics, Finance and Accounting*. – 2015. – №2(3). – Pp. 409-425.
17. Solaroglu, I. Health Transformation Project and Defensive Medicine Practice among Neurosurgeons in Turkey [Electronic resource] / I. Solaroglu, et al. // *PLOS*. – 2014. – Access mode: <https://journals.plos.org/plosone/article?id=10.1371/journal.pone.0111446> (Access data: 28.20.2023).
18. Shoo, K. Canada's System of Liability Coverage in the Event of Medical Harm: Is It Time for No-Fault Reform? / K. Shoo, et al. // *Journal «Health Policy»*. – 2021. – №17(1). – Pp. 30-41.
19. Ибрагимова, Ф.Г. Қазақстан Республикасының фармацевтика нарығында дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды ілгерілету этикасы қағидаларының сақталуы / Ф.Г. Ибрагимова, Е.М. Айтказин, А.Е. Исмагулов // «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтының Жаршысы» ғылыми-құқықтық журналы. – 2022. – №4(71). – 101-109 бб.

МРНТИ 10.31.01

Амирова Меруерт Аскарвна

магистр юридических наук,
старший преподаватель
кафедры гражданско-правовых дисциплин
Alikhan Bokeikhan University
amirova_mika@mail.ru

Мурзабекова Жыпар Таавалдиевна

доктор юридических наук,
профессор кафедры гражданского и трудового права
Юридического института
Кыргызского национального университета
имени Ж. Баласагына

ЦИФРОВЫЕ ПЛАТФОРМЫ В СФЕРЕ ЗАКУПОК ДЛЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННЫХ НУЖД

Аннотация. В статье говорится о важности электронных государственных закупок в Республике Казахстан. Эффективная система государственных закупок повышает возможности государства в регулировании бизнеса, создавая формы воздействия системы государственных заказов на экономику, стимулирующие ее развитие. Государственные закупки позволяют производить закупки с большей прозрачностью и сохранением конкуренции между потенциальными поставщиками. Все операции, проводимые на веб-портале электронных государственных закупок, сопровождается единый оператор - АО «Центр электронных финансов».

Ключевые слова: электронные государственные закупки, единый оператор, веб-портал государственных закупок, АО «Центр электронных финансов», поставщик.

Аннотация: Мақалада Қазақстан Республикасында электрондық мемлекеттік сатып алудың маңыздылығы туралы айтылады. Мемлекеттік сатып алудың тиімді жүйесі мемлекеттің бизнесті реттеудегі мүмкіндіктерін арттырады, оның дамуын ынталандыратын экономикаға Мемлекеттік тапсырыстар жүйесінің әсер ету нысандарын жасайды. Мемлекеттік сатып алулар әлеуетті жеткізушілер арасындағы бәсекелестікті сақтай отырып, ашықтықпен сатып алуға мүмкіндік береді. Электрондық мемлекеттік сатып алу веб-порталында жүргізілетін барлық операцияларды бірыңғай оператор – «электрондық қаржы орталығы» АҚ сүйемелдейді.

Түйінді сөздер: электрондық мемлекеттік сатып алу, бірыңғай оператор, Мемлекеттік сатып алу веб-порталы, "электрондық қаржы орталығы" АҚ, өнім беруші.

Annotation: The article talks about the importance of electronic public procurement in the Republic of Kazakhstan. An effective public procurement system increases the state's ability to regulate business by creating forms of influence of the public procurement system on the economy, stimulating its development. Public procurement allows purchases to be made with greater transparency and maintaining competition between potential suppliers. All transactions carried out on the e-government procurement web portal are accompanied by a single operator - JSC "Center for Electronic Finance".

Key words: electronic public procurement, single operator, web portal of public procurement, JSC Centre for Electronic Finance, supplier.

На сегодняшний день государственные закупки играют большую роль и являются действенным инструментом управления экономикой Республики Казахстан. Государственные закупки в электронном виде осуществляют взаимодействие 25 000 государственных организаторов, заказчиков и более 200 000 потенциальных поставщиков при закупках товаров, работ и услуг в режиме онлайн. Портал государственных закупок организует сбор и публикацию информации о нуждах заказчиков на поставку товаров, выполнение работ, оказание услуг, исполнение публичных процедур для определения поставщика различными методами, заключение договоров и отслеживание их осуществления на едином веб-портале государственных закупок Республики Казахстан.

Единым оператором в сфере государственных закупок является АО «Центр электронных финансов». АО «Центр электронных финансов» - юридическое лицо, являющаяся ИТ-компанией со 100 % долей участия государства и также является единым оператором в сфере государственных закупок и оператором в сфере информатизации [1].

В настоящее время Центр занимается выполнением проектов, которые имеют важный общественный характер, обеспечивающий прозрачность и результативность деятельности государственных органов. Главные проекты организации – Электронные государственные закупки, е-Минфин и Казначейство-клиент способствуют эффективному управлению финансами государства, развитию конкуренции в сфере государственных закупок, уменьшению расходов на содержание государственного аппарата и повышению прозрачности использования бюджетных средств. Электронные государственные закупки являются государственной информационной системой и неотделимой частью электронного правительства РК [2].

Система государственных закупок состоит из разных подсистем и модулей, которые обеспечивают:

- регистрацию участников государственных закупок;
- планирование государственных закупок;
- предоставление информации публичности о планируемых, проводимых и осуществленных государственных закупках посредством веб – портала государственных закупок;
- создание отчетности и статистики по проведенным государственным закупкам;

- публикация пояснений и нормативно-справочной информации в сфере государственных закупок;

Задачи, решаемые системой «Электронные государственные закупки»:

- уменьшение бюджетных расходов на приобретение товаров, работ и услуг для государственных нужд;

- единый порядок создания и размещения государственного заказа;

- организацию равных условий конкуренции среди поставщиков продукции;

- быстрый доступ к накопленной информации;

- уменьшение бумажного документооборота;

- повышение прозрачности процесса государственных закупок;

- уменьшения количества правонарушений в процессе государственных закупок [3, с.21].

Преимущества веб-портала государственных закупок:

- высокая устойчивость к нагрузкам;

- импортозамещение;

- гибкое перестраивание бизнес-процессов под любые изменения законодательства о государственных закупках;

- облегченная работа с электронной цифровой подписью + шифрование цен поставщиков;

- легкость интеграций с системами потенциальных поставщиков;

- низкие требования к вычислительной технике;

- система управления рисками + удаленный камеральный контроль.

Полная автоматизация системы государственных закупок привела к организации электронного камерального контроля. Теперь он выполняется без посещения объекта, в онлайн-режиме посредством веб-портала. Целью камерального контроля является своевременность пресечение и недопущение нарушений, предоставление объекту государственного аудита права самостоятельного устранения нарушений, обнаруженных по результатам камерального контроля, и уменьшение административной нагрузки на объекты государственного аудита.

Поэтому камеральный контроль имеет следующие преимущества:

- отсутствие контакта между объектом контроля и контролирующим органом;

- возможность своевременного устранения нарушений не прекращая, процедуры государственных закупок;

- освобождение от ответственности лиц, которые самостоятельно устранили выявленные нарушения.

Вместе с тем, на сегодняшний день для повышения эффективности системы электронных государственных закупок необходимо решение следующих выявленных проблем:

1. Изменение налогово-правовой базы государственных закупок, порождает необходимость изменений в работе программного обеспечения, что усложняет работу веб-портала государственных закупок;

2. Сбои в работе веб-портала зачастую связаны с низким качеством программного обеспечения. Для решения этой проблемы возможно необходимо регулярно и постоянно проводить мероприятия по переподготовке кадров за рубежом для изучения мирового опыта;

3. Ограниченность доступа незарегистрированных потенциальных поставщиков к информации на сайте не позволяет проанализировать рынок товаров, работ и услуг, являющихся объектами государственных закупок и увеличить конкуренцию между потенциальных поставщиков, а также снизить количество несостоявшихся государственных закупок конкурентными способами.

4. Ежегодное увеличение количество государственных закупок затрудняет работу сайта из-за нахождения на нем большего количества пользователей. Поэтому оператору

необходимо регулярно обновлять имеющиеся оборудование на более высокотехнологичное и прогрессивное.

Кроме того, после вступления Казахстана в Таможенный Союз произошли большие изменения в законодательстве государственных закупок и в работе сайта для обеспечения доступа поставщиков-членов Таможенного Союза к общим государственным закупкам. Но при этом были вскрыты такие проблемы как:

1. Техническая интеграция электронных площадок. К примеру, в Казахстане сегодня действует единая государственная площадка проведения государственных закупок, в России их пять, и находятся они в частных руках, в Беларуси - две. В долгосрочной перспективе необходимо создание единой информационной системы для всех стран-участниц таможенного союза в целях увеличения эффективности проведения закупок, где как минимум, будут выпускать извещения о проведении закупок, а, как максимум, эта система будет выступать в качестве единой электронной торговой площадки, где будет применяться единая электронная цифровая подпись.

2. Вопросы, связанные с созданием единой системы криптографической защиты. Она приведет к общему знаменателю технические параметры участия в торгах, даст возможность идентифицировать того или иного игрока и обеспечить его безопасность. После решения основного вопроса о создании сервиса, который бы удостоверял подлинность криптографической подписи национального уровня на уровне союза, откроются новые возможности для производителей единого рынка. Имеющаяся ситуация с признанием электронных цифровых подписей и технической интеграции электронных торговых площадок на общем рынке государственных закупок Евразийский экономический союз подтверждает, что страны недостаточно подготовились к созданию рынка государственных закупок.

3. В договоре Евразийского экономического союза прописано, что создание реестра недобросовестных поставщиков остается на усмотрение законодателя. Государственный заказчик заинтересован в выборе качественного поставщика, с этой целью он будет вынужден проверить реестр недобросовестных поставщиков по каждой стране Евразийского экономического союза, если реестр существует. Соответственно, в целях увеличения эффективности проведения закупки, а также защиты государственного заказчика, необходимо создать единый реестр недобросовестных поставщиков из стран союза с единой базой и определить общие требования по включению недобросовестных поставщиков в реестр.

4. Следует предусмотреть для каждого способа проведения закупки общие сроки проведения процедуры. Данная мера будет способствовать выполнению принципа равного доступа и к участию в закупке и повышению эффективности системы государственных закупок.

5. В целях выполнения принципа прозрачности должны устанавливаться общие критерии оценки заявок участников, которые государства-участники должны использовать в национальном законодательстве. Таким образом, сегодня система государственных закупок предоставляет единую точку доступа к электронным услугам в сфере государственных закупок и позволяет осуществлять участие в государственных закупках в качестве заказчика, организатора и поставщика с любого компьютера подключенного к сети Интернет. Площадкой для проведения государственных закупок в электронном формате является веб-портал государственных закупок в РК, разработанный АО «Центр электронных финансов», которое сопровождает пользователя от регистрации на сайте до подписания договора, при этом устраняя все неполадки и ошибки в работе сайта. Однако при этом существуют некоторые проблемы в работе сайта, такие как: постоянное изменение налогово-правовой базы государственных закупок; техническая интеграция электронных площадок; ограниченность доступа незарегистрированных потенциальных поставщиков и т.д., которые должны решиться в будущем.

В заключении стоит отметить, что сфера государственных закупок за последнее десятилетие значительно продвинулась в использовании цифровых технологий. Созданные платформы полностью автоматизировали важнейшие процессы закупочной деятельности, перевели торги в электронную форму, что позволило принимать участие в закупках поставщикам из отдалённых от заказчика регионов. Использование таких информационных систем повышает прозрачность закупочных процедур, расширяет географию участия и стимулирует здоровую конкуренцию среди поставщиков. В такой форме реализуются функции государства в сфере антимонопольного регулирования, защиты конкуренции и контроля над ценообразованием.

Осындай халықаралық құқықтың қайнар көздерін біздің еліміз мойындай отырып, оларды басшылыққа алады, дегенмен белгілі қазақстандық ғалым Ғ.Сапарғалиевтің пікірінше: «халықаралық-құқықтық нормалар ұлттық заңдардың және мемлекеттік құрылыстың барлық салаларын қамти алмайды», алайда, «ҚР Конституциясы жалпыға мәлім халықаралық құқықтық актілердегі демократиялық, имандылық құндылықтарын бәрін барынша бойына сіңірген құжат болып табылады»[3].

Конституция – мемлекеттің негізгі заңы болғандықтан ол бастауларды көрсетпейді. Дегенмен, Қазақстан Республикасының Конституциясы бірқатар жағдайларда халықаралық құқықтың нормаларына тікелей жүгінеді» «Мемлекет адамның өмір сүру мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды» (31-бап) – яғни бұл орта адамға биологиялық тіршілік иесі ретінде, оның қоршаған әлемде болуын қамтамасыз етеді. Шетелдік конституциялық құқық салауатты қоршаған ортаға құқықты да, оны сақтау міндетін де бекітеді. Бұл міндет адам қызметінің қоршаған әлемге зиянды әсерін азайтуға бағытталған, егер жоққа шығарылмаса, ол табиғи байлыққа ұқыпты қарауды білдіреді. Мемлекет қоршаған ортаны қорғауды адам өмірі мен денсаулығына қолайлы маңызды мақсат ретінде мойындаған кезде, ол әдетте келесі әрекеттер мен стратегияларды қабылдайды: Мемлекет қоршаған ортаны қорғауға бағытталған заңдар мен нормативтерді әзірлейді және енгізеді. Бұл ауа, су, топырақ сапасының стандарттарын белгілеуді, қалдықтарды басқаруды, табиғи ресурстар мен қорықтарды қорғауды және зиянды химиялық заттарды пайдалануға тыйым салуды қамтуы мүмкін. Экологиялық таза технологиялар мен жаңартылатын энергия көздерін дамытуға қолдау көрсету және инвестициялау арқылы мемлекет қоршаған ортаға зиянды әсерді азайтуға ықпал етеді. мемлекет қоғамды қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығы және тұрақты экологиялық тәжірибелерге қатысу туралы хабардар ету үшін білім беру науқандары мен бағдарламаларын жүргізе алады. Елдер қоршаған ортаны қорғау жөніндегі халықаралық келісімдер мен уағдаластықтарға қатыса алады, бұл табиғатты қорғау саласындағы күш-жігерді жаһандық деңгейде үйлестіруге ықпал етеді. бұл табиғаттың шамадан тыс жойылуын болдырмау және экожүйелерге төнетін қауіпті азайту үшін қорықтар, саябақтар құруды, ормандарды, су және минералды ресурстарды пайдалануды реттеуді қамтиды. Қалдықтарды кәдеге жарату, таза ауыз сумен қамтамасыз ету және ағынды суларды өңдеу жүйесін дамытуды қолдау, қалаларда саябақтар мен жасыл аймақтарды құру және қоршаған ортаның сапасын жақсартуға ықпал ететін басқа да шаралар. Мемлекет осы бағыттардың барлығында белсенді түрде әрекет еткенде, бұл оның адам денсаулығын

қолдайтын, табиғи байлықты сақтайтын және халық пен экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ететін ортаны құруға деген ұмтылысын көрсетеді[4].

Сонымен қорыта келе, қазіргі қазақ конституционализмінде Конституцияға тиісті ережелерді әзірлеу және енгізу: азаматтардың әлеуметтік құқықтары, әлеуметтік қорғау кепілдіктері, денсаулық сақтау, білім беру, тұрғын үй құқықтары және басқа аспектілер сияқты әлеуметтік мемлекеттің қалыптасу нормалары Конституция мәтініне тікелей енгізілуі мүмкін. Бұл мемлекеттің әлеуметтік саясатының құқықтық базасы үшін негіз болады. Азаматтарға Конституцияда берілген әлеуметтік құқықтардың іске асырылуын және қорғалуын қамтамасыз ететін тетіктер мен құралдарды көздеу қажет. Бұл азаматтардың әлеуметтік құқықтарын қорғау үшін соттарға немесе өзге де органдарға жүгінудің қағидаттары мен тетіктерін белгілеу арқылы жасалуы мүмкін. Азаматтардың әлеуметтік құқықтары және оларды іске асыру тәртібі туралы Конституцияның ережелерін растайтын тиісті заңдар мен нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу қажет. Бұл құжаттар азаматтардың құқықтары мен оларды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттің міндеттерін нақты айқындауға тиіс. Мемлекет әлеуметтік саясатты жүзеге асыру үшін министрліктер, агенттіктер немесе әлеуметтік қорғауға, денсаулық сақтауға, білім беруге және әлеуметтік саланың басқа аспектілеріне жауапты комитеттер сияқты институттар мен тетіктерді құруы және нығайтуы керек. Азаматтар өздерінің әлеуметтік құқықтары мен міндеттерін түсінуі, сондай-ақ өз құқықтарын қорғауға қалай жүгіну керектігін білуі үшін ақпараттық жұмыс пен білім беру бағдарламаларын жүргізу маңызды. мемлекет проблемаларды анықтау және азаматтардың әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз етуді жақсарту үшін қажетті шараларды түзету үшін әлеуметтік саясаттың іске асырылуына жүйелі мониторинг пен бағалау жүргізуі керек. Қалыптасқан жағдайларда әлеуметтік мемлекеттің конституциялық тұжырымдамасына бірқатар өзгерістер мен оны іске асыру тетігімен толықтыру, сондай-ақ оны тиісті саладағы халықаралық құқық нормаларына сәйкес келтіру қажет.

Бұл қадамдар әлеуметтік нормаларды Қазақстан Республикасының Конституциясына енгізіп қана қоймай, оларды тиісті заңдарды әзірлеу, институционалдық құрылымды құру және қоғам тарапынан қолдау арқылы іс жүзінде іске асыруды қамтамасыз етуге көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды (01.01.2023ж берілген [өзгерістер мен толықтырулармен](#)).
2. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын мемлекеттік басқаруды құқықтық реттеу / Қ.М. Қожабек. – Алматы: Қазақ университеті, 2020.8-9 бет.
3. Сапарғалиев Ғ. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы: Академиялық курс. Өнд., толықт. - Алматы: Жеті жарғы, 2008.- Басылым 3. – Б.78-86.
4. Сорокин В. В. Ресейдегі әлеуметтік саясаттың конституциялық негіздері // өзекті зерттеулер. 2022. №33 (112). 29-32 бет.

ҒТАХА 10.15.59

Амерханова И.К.

С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ, Астана қ.

E-mail: indira_amirhanova@mail.ru

ЕЛІМІЗДЕГІ КӨШІ-ҚОН ҮДЕРІСІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІМЕН САЛЫСТЫРУ

Аңдатпа. Көші-қон қазіргі әлемнің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Барлық елдердегі сияқты Қазақстанда да ішкі көші-қон үдерісі үнемі реттеуді қажет етеді. Қазақстанда көші-қонды әлеуметтік реттеуді жетілдіру мемлекеттік көші-қон саясатының басты міндеттерінің бірі болып табылады. Көші-қон үдерісін зерттеу бірінғай қағидаларға

яғни, ішкі, сыртқы, заңды және заңсыз көші-қон ағындарын анықтайтын факторларға негізделіп жүргізіледі. Мақалада, көші-қон үдерісін құқықтық реттеудің шетелдік тәжірибесі зерттеліп, Қазақстанға көші-қон ағындарын басқарудың әдістері мен тетіктерін қолдануға, олардың қателіктері мен сәтті шешімдерін зерделеуге, институционалдық құралдар мен тетіктерді, құқықтық нормалар мен ұйымдастырушылық нысандарды енгізуге мүмкіндік беретіндігі туралы зерттелді.

Түйін сөздер: көші-қон, сыртқы көші-қон, ішкі көші-қон, көші-қон үдерісі, көші-қонның қайнар көздері, әлеуметтік жағдай.

Аннотация. Миграция является одной из актуальных проблем современного мира. Как и во всех странах, процесс внутренней миграции в Казахстане требует регулярного регулирования. Совершенствование социального регулирования миграции в Казахстане является одной из основных задач государственной миграционной политики. Изучение миграционного процесса основывается на единых принципах, т.е. факторах, определяющих внутренние, внешние, легальные и нелегальные миграционные потоки. В статье миграционный процесс сравнивается с отечественной и международной практикой правового регулирования. Рассматриваются методы и механизмы управления миграционными потоками этих стран, изучить их ошибки и удачные решения, внедрить институциональные инструменты и механизмы, правовые нормы и организационные формы.

Ключевые слова: миграция, внешняя миграция, внутренняя миграция, миграционный процесс, источники миграции, социальная ситуация.

Abstract. Migration is one of the urgent problems of the modern world. As in all countries, the process of internal migration in Kazakhstan requires regular regulation. Improving the social regulation of migration in Kazakhstan is one of the main tasks of the state migration policy. The study of the migration process is based on uniform principles, i.e. factors that determine internal, external, legal and illegal migration flows. The article compares the migration process with domestic and international practice of legal regulation. The methods and mechanisms for managing the migration flows of these countries, studying their mistakes and successful decisions, introducing institutional instruments and mechanisms, legal norms and organizational forms.

Keywords: migration, external migration, internal migration, migration process, sources of migration, social situation.

Соңғы жылдары көші-қоншылардың саны өсуде. Қоныс аудару масштабының мұндай күрт өсуі құқық бұзушылықпен қатар, экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан аймақтардың дифференциясын көрсетеді.

Көші-қон үдерістері, ең алдымен еңбек ресурстарының ішінде әлеуметтік-экономикалық және құқықтық жағдайға әсер ететін маңызды факторлардың қатарына жатады. Ішкі көші-қон үдерісі халқы тығыз орналасқан аймақтан, халқы сирек орналасқан аймаққа халық санының азаюына байланысты көшірілуі де мүмкін. Бұл үдеріс еңбек ресурстарын қамтамасыз етумен бірге әлеуметтік мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Көші-қон үдерісі аймақтық экономика мен экономикалық географиямен тығыз байланысты яғни, халықтың еңбек нарығындағы жұмыс күші тапшы аймақтарға келуі.

Әлемнің барлық елдерінде көші-қон үдерісі кездеседі. Біздің зерттеу жұмысымызда АҚШ, Австралия, ГФР, Жапония, ҚХР және Ресей мемлекеттерін алып зерттедік, осы мемлекеттерде ішкі көші-қон үдерісінің реттелуі қалай жүргізілетіндігі туралы тоқталып өтетін болсақ:

АҚШ тәжірибесі. Көші-қоншыларды қабылдаушы елдердің ішінде ең танымалы АҚШ мемлекеті. АҚШ елінің ішкі көші-қонға қатысты тәжірибесінің ішінде, ішкі көшіп қонушыларды жұмысқа алып немесе жұмыс берушілерге мемлекет тарапынан салықтық ынталандырулар немесе жеңілдіктер беріледі екен. 2019 жылдың соңында АҚШ-та шамамен 46,6 миллион иммигрант болды, бұл бүкіл халықтың 15% құрады. 2018 жылы да, 2019 жылы

да көші-қоншылардың ең көп ағымы Мексика, Оңтүстік Корея, Үндістан, Қытай елдерінде байқалады. Көші-қон саясаты институтының деректеріне сәйкес 2019 жылы АҚШ-тан 2,97 млн. адам көшіп келген. Көші-қоншылардың ең көп ағымы Мексикаға (877 мың адам), Канадаға (343 мың адам), Ұлыбританияға (212 мың адам) және Пуэрто-Рикоға (165 мың адам) келген [4].

Бұл елдегі көші-қонды мемлекеттік реттеудің маңызды тетігі – «Жасыл карта», ол көші-қоншыға АҚШ-та тұрақты тұруға және жұмысқа орналасуға құқық береді. АҚШ-та бес жыл тұрақты өмір сүргеннен кейін «жасыл карта» иесі және оның отбасы мүшелері Америка азаматтығын ала алады. Картамен көші-қоншы өзінің азаматтығын өзгертпестен және АҚШ азаматтарының барлық дерлік құқықтарына ие бола отырып, АҚШ-та белгісіз уақыт тұра алады. Тұруға рұқсат алудың негізгі жағдайлары:

1. Отбасын біріктіру.
2. АҚШ азаматымен некеге тұру.
3. Американдық жұмыс берушінің өтініші бойынша.

Ал, АҚШ-тың ішкі көші-қон мәселесіне тоқталып өтетін болсақ, американдықтар өте мобильді адамдар, сондықтан бұл елде тұратындардың шамамен 16%-ы жыл сайын жаңа жерге қоныс аударып тұрады екен. Соңғы жиырма жыл ішінде АҚШ халқы оңтүстіктегі штаттарға қарай қоныс аударуда. Осыған орай, елдің шығысы мен оңтүстігіндегі адамдар саны артып келеді, ал орталық шығыс пен солтүстігінде адамдар саны азаюда.

Бір ғасырдан астам уақыт бойы американдықтар ауыл шаруашылығынан қалалық жерлерге көшу үстінде. Бірақ 1950 жылдары олар қала орталықтарынан қала маңына көптеп кете бастады. Қазіргі уақытта қала маңына көші-қон жалғасуда, демографтар оны «ауылға оралу» деп атады.

Жыл өткен сайын американдықтар микро-штаттарға халық көп шоғырланған метрополиядан тыс орналасқан шағын қалалар мен қалаларға көшуде. Бұл шағын мемлекеттер өз тұрғындарына жұмыс берумен қатар, тамақтану орталықтары, ойын-сауық орындары, көлік кептелісі жоқ әлеуметтік өмір, яғни жоғары урбанизацияланған аймақтарға тән құбылыстары ұсынуда.

АҚШ халқы білімді ұлт қатарында. Мысалы, 2019 жылы 25 жастан асқан АҚШ халқының 84%-ы орта мектепті аяқтады, ал 26%-ы колледжді бітірді. Салыстыру үшін: 1990 жылы бұл көрсеткіштер сәйкесінше 69% орта мектепті аяқтады және 17% колледжді бітірген санын құрады. Білімді адамдардың көбеюі, сәнді қонақ үйлер, ұйымдастырылған саяхат, қымбат шараптар және жақсы мейрамханаларда тамақтану секілді сапалы өнімге сұраныстың артуына әкеледі.

Барлық елдер өздерінің популяцияларының этникалық және нәсілдік құрамымен ерекшеленеді. Мысалы, Жапонияда азаматтардың барлығы дерлік жапондықтар ал, Америка Құрама Штаттарының халқы әлемдегі кез келген ұлттың азаматтарынан тұрады.

АҚШ тұрғындарының штат аймақтары арасындағы көші-қоны туралы айта отырып, оның басты себептері неғұрлым тиімді жұмыспен қамту, сондай-ақ бизнес жүргізу саласындағы кең мүмкіндіктер болып табылатындығын атап өткен жөн. Ішкі көші-қонның әсіресе, елдің аз дамыған аймақтарының тұрғындары біртіндеп қоныстанған және жоғары деңгейде дамыған аймақтарға көшіп жатқанынан басқа жағымсыз салдары жоқ. Қазірдің өзінде кедей аймақтар кедейленуде. Бірақ АҚШ-тың ішкі көші-қонында дамыған аймақтардың бірі Калифорния мен Нью-Йорктен көші-қоншы саны басым. Баспана бағасы штаттағы ішкі көші-қонға да айтарлықтай әсер етеді - көбінесе адамдар, оның ішінде жас отбасылардың көпшілігі тұрғын үйдің орташа бағасы төмен аудандарға ауысады. Статистика көрсеткендей, адамдар ең төменгі күнкөріс деңгейі төмен аймақтарға жиі тартылады. Соңғы жылдары оңтүстік штаттар ішкі көші-қоншылар үшін ерекше тартымды болуда. Сарапшылардың пікірінше, оларда жайлы климат, сондай-ақ өмір сүруге қолайлы жағдайлар бар. Сонымен қатар, бұл мемлекеттер соңғы жылдары жақсы дамып келеді. АҚШ-тағы Флорида мен Техаста ішкі көші-қон бағыттары басым. Бұл құбылыс (көптеген әлеуметтанушылардың пікірі бойынша) халықтың тығыз шоғырланған штаттарының

тұрғындарының осы аймақтарда одан әрі дамудың және өздерінің жеке кәсіптерін құрудың тамаша мүмкіндіктерін көруіне байланысты. АҚШ-тағы ішкі көші-қонның негізгі проблемасы қылмыс болып қала береді. Бұл шынымен де өте күрделі мәселе. АҚШ-қа сыртқы ғана емес, сонымен қатар ішкі көші-қонның қатысушылары қылмыскерге айналады [5]. «Американдық арман және уәде актісі» және «Фермадағы жұмыс күшін модернизациялау туралы заң» атты екі заң жобасы жасалып қабылданыпты. Бұл заң жобалары ішкі көші-қонды реттеуде «Американдық азаматтық туралы» Заңының бір бөлігі болып табылады.

АҚШ, Канада, Швеция, Германия және т.б. сияқты шет елдердің көші-қон заңнамасында көші-қонның негізгі арналары бекітілген. Жалпы, олардың ішінен үш негізгі арнаны бөліп көрсетуге болады: отбасын біріктіру; гуманитарлық көші-қон (босқындар мен пана іздеушілер); еңбек (экономикалық) көші-қоны.

АҚШ-та көші-қон және натурализация туралы заң оның көші-қонның отбасын біріктіру бағдарламасын қолдау және еліміздің экономикалық қажеттіліктеріне сәйкес келетін жоғары кәсіби біліктілігі бар адамдардың көші-қонын ынталандыру сияқты басымдықтарын нақты анықтайды. Отбасын біріктіру үшін жыл сайын АҚШ-қа 600 мыңнан астам туыстары келеді. Америка азаматтарының жақын туыстары үшін виза алуға сандық шектеулер жоқ. Еңбек көші-қоншылары үшін жыл сайынғы 140 мың рұқсат квотасы белгіленген. Квота босқындарға қолданылмайды, бірақ олардың саны АҚШ Мемлекеттік Конгресс департаментінің кеңестер кезінде белгіленеді. Босқындар үшін ел ішінде арнайы қоныс аудару бағдарламалары бар, мұндай мәртебеге ие адамдар тұрақты тұруға құқылы [6].

АҚШ-тың тұрақты тұрғыны мәртебесін алу үшін жеңілдікті режим американдықтардың тікелей туыстарына-ерлі-зайыптыларға, балаларға (оның ішінде шетелде асырап алынған), АҚШ-тың кәмелетке толған азаматының ата-анасына, АҚШ азаматтарының жесірлеріне екі жылдан астам некеде болған жағдайда беріледі.

Германияның тәжірибесі. Германия мемлекетінде де көші-қон үдерісіне қатысты біршама тиімді жұмыстар атқарылуда. Көші-қон үдерісін ұйымдастыратын Германдық жүйе федеральдік лагерь мен земельдік лагерьден тұрады екен. Германияның бірінші деңгейдегі федеральдік лагерьінде жаңадан қоныстанған немістерді қабылдап олардың жеке басын куәландыру мен жеке құжаттарын тексеру жұмыстары жүргізіледі. Яғни бұл дегеніміз, қоныстанушылардың өткен өмірі толық тексеріліп, олардың тараптарынан қауіп қатердің туындамайтындығына көздерін жеткізу жұмыстарын жүргізеді. Ол елде бастапқыда қажеттілікті өтеу үшін мемлекет тарыпынан ақша қаражатымен көмектеседі. Біздің еліміздеде бұл шара жүргізілетіндігін атап өткеніміз дұрыс. Бір ерекшелігі федеральді лагерьде болған қоныстанушылар земельдік лагерьге өту барысында мемлекеттік органдардан қоныстанушылармен әлеуметтік бейімдеу және ықпалдастыру шараларын жүргізеді. Лагерьге жаңадан келген қоныстанушыларға ақпараттық көмек көрсетіліп, әлеуметтік көмек беретін көптеген гуманитарлық ұйымдар мен қорлар жұмыс жасайды. ЖОО арнайы білім беру мен қатар, тіл деңгейін анықтап алты айлық тіл курстарын да оқытады екен. Осылайша Германия мемлекеті өздерінің қоныстанушыларын әлеуметтік бейімдеуден өткізеді екен [7].

Еуропа Кеңесінің Адам құқықтары жөніндегі комиссары Томас Хаммарбер атап өткендей, «ізгілікті көші-қон саясаты барлық Еуропа елдерінен көші-қоншыларды қорғаудың баламалы тәсілдері туралы ақпарат жинауды және ең алдымен заңсыз көші-қоншылар туралы көбірек ақпарат алуды талап етеді. Заңсыз көші-қоншылардың халықаралық құқықта бекітілген жалпыға бірдей танылған құқықтары да бар сондықтан оларға құрметпен қарау керек». Германиядағы көші қон үдерісі үкіметаралық және халықаралық келісімдер мен декларациялармен реттеледі. Германиядағы көші қоншылардың құқықтары халықаралық шарттардан басқа келесі заңдармен де реттеледі: Шелелдіктердің Германияда тұру туралы Заңы (Aufenthaltsgesetz); Баспана туралы Заң (Asylgesetz); Тұру ережелері (Aufenthaltsverordnung), Шетелдік азаматтарды жұмысқа орналастыру (Beschäftigungsverordnung) туралы ереже. Бұл заңдар ГФР-дің негізгі заңы Германия конституциясына негізделіп қабылданған. ГФР-дің Конституциясының бірінші тарауына

сәйкес көші қоншыларға, өз азаматтарына қолданылатын құқықтар мен міндеттер көрсетілген [8].

Германияда ақпараттық технологияларды дамыту барысында көші-қоншылардың ішінен білікті қызметкерлерді тарту үшін «Жасыл карта» жүйесіне негізделген бағдарламаны енгізді. Жеңілдетілген әкімшілік процедураның арқасында «Жасыл карта» бойынша жұмыс істеуге кіру визасы тез беріледі. Ұқсас атауы бар американдық бағдарламадан айырмашылығы, Германиядағы «Жасыл карта» елде бес жыл тұруға және жұмыс істеуге құқық береді. Бағдарламаға қатысудың шарты жоғары білім (университеттік немесе политехникалық диплом) немесе жұмыс берушінің кем дегенде 100 мың неміс маркасын төлеуге қабілеттілігі болып табылады. Бір жылдан кейін маманның отбасы мүшелерінің Германияға кіруіне және жұмысқа орналасуына рұқсат етіледі. «Грин кард» бағдарламасы бойынша жұмыс істейтіндердің квотасы жылына 10 мың адамға белгіленген. Германияда 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген «Көші-қон туралы» жаңа заңның қабылдануымен Green Card бағдарламасының барлық негізгі ережелері сақталып тіпті біршама кеңейтілген. Алайда, алдыңғы заңнамалық актілердің ережелері сақталған, атап айтқанда: шетелдік маман Еуропалық одаққа кіретін елдерде тиісті маман болмаған жағдайда ғана шақырылуы мүмкін. 2005 жылдан бастап Германиядағы азаматтық саясатты мемлекеттік реттеу барысында білім беру бағдарламалары жүзеге асырылды. Білім беру бағдарламаларының арқасында еңбекші көші-қоншылар әлеуметтік шәкіртақылар арқылы өздерінің біліктілерін арттырып, қосымша жұмыс орындарын ашып, жұмыссыздардың қатарын азайтты.

Германияда он төрт жылдан бері арнайы заң бар екен, оған сәйкес әр түрлі елдерден келген көші-қоншылар арнайы курстарға қатысу арқылы өздерінің «неміс қоғамына кіруді» дәлелдеуге міндетті. Қабылданған интеграция жоспары аясында және 1999 жылғы «ГФР азаматтығы және шетелдік елдердің құқықтары туралы» Заңның негізгі ережелеріне азаматтықты алу туралы тест енгізілді [9].

ГФР-дің көші-қон саласындағы құқықтық актілерінде көші-қон саясатының нақты заңнамалық бекітілген қағидаттары және сонымен бірге заңсыз еңбек көші-қонын болдырмау жөніндегі тетіктері бар, атап айтқанда:

- Қоныстанудың заңды орындарының көбірек санын ұсыну;
- көші-қон үдерістерін мониторингтеу және талдау үшін жеткілікті әкімшілік ресурстар бөлу;
- құқық қорғау функцияларын орындау;
- көшіп-қонушылардың заңды еңбекпен қамтылуын ынталандыруды ұлғайту. Әрине, көші-қоншылар Германияның қоғамдық және экономикалық дамуына маңызды үлес қосуда [10].

Лейбниц атындағы институтының қызметкерлері 2008-2014 жылдар аралығында Германия аймақтарындағы әр түрлі жас аралығындағы адамдардан ішкі көші-қоны бойынша зерттеу жүргізді. Зерттеу барысында ішкі көші-қонға әсер ететін факторларды талдады. 7 жыл ішінде 250 000 неміс ауылдан қалаға көшкен, бұл ауылдық аймақтарға айтарлықтай демографиялық зиянын келтірген. 18-29 жастағы немістердің арасында 460,000 немістер қалаға көшкен. Екінші жағынан, 30 жастан асқан немістер қаладан ауылға көбірек көшетіні байқалыпты. Жалпы алғанда 30 жасқа дейінгі жастар (43%) ішкі көші-қоншылардың ең үлкен үлесін құрайды. Оқуға түсу үшін барған жастар оқу бітіргеннен кейін қалалы жерде жиі қалады. Жастар үшін жұмыссыздық маңызды фактор болып табылады. Олар жұмыссыз аймақтардан кетуге мәжбүрлі [11].

Сонымен қатар, Германияда Федералды агенттіктің Конституциясы мен заңына сәйкес босқындарды тану ресми түрде танылған немесе осы мәртебені шетелде алған адамдар болып табылады. Германиядағы босқындар және олардың түрлері туралы біз ғылыми журналда жариялаған еңбегімізде кеңінен талқылап өткен болатынбыз. Атап айтар болсақ, конвенциялық босқындар-нәсілдік, конфессиялық, әлеуметтік немесе саяси сенімдерге байланысты өз отанындағы өміріне немесе бостандығына қауіп төнгендіктен

шығарып жіберілген адамдар, контингентті босқындар-гуманитарлық көмек акциялары негізінде ГФР-да қабылданған шетелдіктер (мысалы, еврейлерді ГФР-ға көшіру жөніндегі бағдарламалар) [12].

Ресей тәжірибесі. Ресейде ішкі көші-қон әскери-саяси, тарихи-мәдени, әлеуметтік-экономикалық, діни, табиғи және басқа да факторлардың әсерінен жүреді. Экономикалық факторлардың әсерінен адамдар жалақысы жақсы және жалпы өмір сүру деңгейі жайлы аймақтарға қоныстандырылады. Осы факторға байланысты Батыс және Орталық Федеральды округтер мен Мәскеу, Санкт-Петербург, Ленинград, Белгород және Калининград облыстарының халқы көбеюде. Табиғи-климаттық факторлар оңтүстік аймақтарға жайлы климаттық жерге қоныс аударумен түсіндіреді.

Украиналық көші-қоншылар Ресейге табыс табу мақсатында жиі барады және де олар құрылыста жалдамалы жұмыскерлер ретіндегі қызмет түрімен айналысады. Ресейде Украиндықтардың еңбегі жүргізуші ретінде жоғары бағаланады. Еуропалық автомобиль нарығында Еуроодақтың әртүрлі елдері арасында көлік құралдарын жеткізуді ұйымдастыратын ресейлік фирмалар жұмысын жалғастыруда. Украиналық көші қоншылар Ресей аумағы арқылы Батыс мемлекеттеріне өтіп өздерінің экономикалық жағдайларын жақсарту істерін жүзеге асырды. Кейін Ресей ішіндегі шиеленісті жағдайларға байланысты мәжбүрлі қоныс аударушылар мен ішкі қоныс аударушылар ағымын қалыптастырды. ХХІ ғысырдың бірінші ширегінде Ресей Федерациясының арасында халықтың Солтүстік және шығыс аймақтардан сол елдің орталық және оңтүстік батыс аймақтарға көшу қарқынды болғандығы байқалды. Бүгінде Қиыр Шығыс федеральді округі демографиялық жағдайға теріс әсер ететін көші-қон үдерістерінің қолайсыз тенденцияларымен ерекшеленеді. Бұл халықтың тез қартаюына, өлім жетімнің өсуіне және ауылдық жерлердің құлдырауы мен еңбек әлеуетінің төмендеуіне ықпал етеді.

Ресей Федерациясында көші-қонды мемлекеттік реттеудің қазіргі заманғы, жан-жақты жүйесін дамыту үшін, 2003 жылы 1 наурыздағы №256 өкіміне сәйкес Ресей Федерациясы Үкіметінің «Көші-қон үдерісін құқықтық реттеу» тұжырымдамасы қабылданды. Аталмыш тұжырымдамада Ресей Федерациясындағы көші-қон жағдайына талдау жасалып, мақсаттары тұжырымдалып, көші-қон үдерісінің құқықтық реттеу қағидаттары мен міндеттері және билік органдараның көші-қон үдерістерін реттеу қызметінің негізгі бағыттары көрсетілген. Ол бағыттар:

1. Мәжбүрлі көші-қон интеграциясы үшін жағдай жасау.
2. Көші-қоншыларды Ресей Федерациясына жұмысқа тартуға жәрдемдесу барасында еңбек ресурстарын ел экономикасына қажеттілігін ескеру қажет.
3. Ресей Федерациясында көші-қон процесін бақылауды қамтамасыз ету.
4. Басқа жаққа орналасқан адамдарға жағдай жасау.
5. Шетелдегі отындастармен қарым-қатынасты қолдау және дамыту.
6. Ішкі көші-қон үдерісін оңтайландыру және еңбек ресурстарын тиімді пайдалану.
7. Ресей Федерациясының солтүстік және шығыс шекараларына жақын орналасқан халықты сақтап қалу және олардың жағдайларын оңтайландыру үшін әрекеттер жасау.
8. ТМД елдерінен отандастарын ерікті түрде қоныс аударуына әрекеттер жасау [13].

Ресей Федерациясы Президентінің 2006 жылғы 22 маусымдағы «Шетелде тұратын отандастардың Ресей Федерациясына ерікті түрде қоныс аударуына жәрдемдесу жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны әске асыру жөніндегі» №637 Жарлығына сәйкес Камчатка өлкесіне Мемлекеттік Бағдарлама аясында 2019 жылы 251 адам келген. Бағдарламаның ерекшелігі Ресей Федерациясының басқа аймақтарына қарағанда Камчатка өлкесінің әлеуметтік-экономикалық, климаттық жағдайларын ескере отырып, қызметкерлерге жалақыларына аудандық коэффициент пен пайыздық үстемақы қосылып отырады екен [14]. Біздің елімізде де оңтүстік пен солтүстіктің климаттық жағдайы ескеріле отырып, қысқы мезгілде солтүстікке көшіп барған ішкі көші-қоншылардың еңбек ақысына үстемақы қосылса орынды болар еді.

Көші-қон үдерісін құқықтық реттеуге байланысты қабылданған шешімдерге қарамастан, қазіргі кезеңде ішкі көші-қон үдерісіне қатысты біршама мәселелер бар. Ішкі көші-қон үдерісінің бақылануы төмен деңгейде болғандықтан, еңбек нарығына өз әсерін тигізіп ғана қоймай, әлеуметтік шиеленістің өсуіне де негізгі себеп болып табылады. Бақыланбайтын көші-қоншылардың арасында қылмыстың өсуі байқалып, құқық бұзушылықтар бел алады, көші-қоншылардың салық заңнамасын сақтамауы, өз елінен тұрақты елдерге ақша қаражатының жаппай кетуі, ұлттық мәселені өзектендіру болып табылады.

Жоғарыда келтірілген зерттеулер ішкі көші-қонның қазіргі әлемде еңбек, халықаралық ағындары күрделі саяси, экономикалық және құқықтық өзгерістерге әкелетінін көрсетеді. Сонымен, ішкі көші-қон мотивациясына олардың отанында өмір сүрген әлеуметтік ортаның объективті жағдайлары әсер етеді. Елінен кететін көші-қоншыларға әсер ететін сыртқы факторлар қоныс аударудың көптеген мотивтерінің пайда болуына және қабылдаушы елдегі көші-қоншылардың көптеген бейімделу стратегиялары мен тактикаларына (реципиент елінің әлеуметтік-мәдени нормаларына толық бейімделуге) әкеледі.

Сонымен, дамыған елдердің тәжірибесі Қазақстанға ішкі көші-қон ағындарын басқарудың әдістері мен тетіктерін қолдануға, олардың қателіктері мен сәтті шешімдерін зерделеуге, институционалдық құралдар мен тетіктерді, құқықтық нормалар мен ұйымдастырушылық нысандарды енгізуге мүмкіндік береді. Жоғарыда айтылғандардың бәрінен белгілі бір елдердің ішкі көші-қон саясаты, ең алдымен, біліктілігі жоқ еңбек санаты бойынша көшіп-қонушылардың ағынын тежеуге және жоғары білікті мамандарға артықшылық беруге бағытталған деген тұжырым жасалады. Елімізге ішкі көші-қон үдерісін реттейтін реформа қажет. Канада мен Израильде көші-қон министрлігі бар. Олар көшіп келушілердің нақты бір психологиялық көңіл күйінен бастап кәсіби біліктілігін ескеретін іріктеу амалдарын жасайды екен. Шет елдердің көші-қон саласындағы заңнамаларының мазмұнын қарастыра отырып, (АҚШ, Австралия, ГФР, Жапония, ҚХР және Ресей мысалдарында) мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді – көші-қон саясатының мақсаттары заңнамалық деңгейде нақты бекітілген, олардың ең бастысы экономикалық, мәдени, әлеуметтік және демографиялық пайдаларды алу, сондай-ақ көші-қоншыларды қоғам өміріне ықпалдастыру қажеттілігін мойындау болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Миграционные процессы в современных международных отношениях и проблемы региональной безопасности в ЦА // https://articlekz.com/article/7849_02.10.2022.
- 2 РИА новости Число мигрантов в мире за последние девять лет выросло на 51 миллион // <https://ria.ru/20190918/1558790085>. 12.10.2022.
- 3 Международная миграция по оценкам ООН 2019 года // <http://www.demoscope.ru/weekly/2019/0835/barom01.php>. 13.10.2022.
- 4 Щербатова Е. Международная миграция по оценкам ООН 2019 года // <http://www.demoscope.ru/weekly/2019/0835/barom05.php> 25.10.2022.
- 5 Көші-қон в США: статистика и причины // <https://fb.ru/article/380038/migratsiya-v-ssha-statistika-i-prichinyi>. 25.10.2022.
- 6 Program: Migration Policy Institute. International Migration Statistics // <https://www.migrationpolicy.org/programs/data-hub/internationalmig>. 10.11.2022.
- 7 Шапак У. Оралмандарды әлеуметтік бейімдеу және ықпалдастыру қызметін ұйымдастырудың құқықтық проблемалары // Құқық және мемлекет. – 2013. – №1(58). – С. 20-23.
- 8 Современное состояние миграционного законодательства в федеративной республике Германия // <https://eurasia-law.ru/nashi-rubriki/yuridicheskie-stati>. 12.11.2022.

9 Правовой и организационный аспекты миграционной политики ФРГ в части социальной интеграции трудовых мигрантов: опыт для России // <http://xn7sbbaj7auwnffhk.xn--p1ai/article/8223>. 12.11.2022.

10 Определили 5 стран – лидеров по числу мигрантов на 2017 год // <http://nashiusa.com/interesno/opredelili-5-stran-liderov-po-chislu>. 09.11.2022.

11 Внутренняя миграция: сельский исход молодых немцев // <https://nasha-germania.com/news/vnutrennjaja-migratsija-selskij-ishod>. 09.11.2022.

12 Амерханова И.К., Майшекина Э.С. ГФР мен Қазақстандағы көші-қон үдерістерінің қалыптасуының кейбір тарихи-құқықтық аспектілері // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2019. – №10/1. – Б. 48-52.

13 Федеральная Служба Государственной Статистики РФ // http://www.gks.ru/wps/wcm/connect/rosstat_main/rosstat/ru/statistics. 20.09.2022.

14 О миграционной ситуации в Камчатском крае // <https://kamstat.gks.ru/storage/mediabank>. 04.11.2022.

МРНТИ 10.15.23.

Бақтыбеков Мұхтар Бақтыбекұлы,
Alikhan Bokeikhan University,
мемлекеттік құқықтық пәндер кафедрасының
аға оқытушысы, құқық магистрі.
Семей қ. Қазақстан Республикасы.
mukhtar-79@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА АЯСЫНДА КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІ

Аннотация. Қазақстандағы конституциялық реформалар мемлекеттік құрылыс пен басқару жүйесінде көлемді өзгерістерді жүргізуді көздейді. Осының арқасында Конституцияның үстемдігі мен тікелей қолданылуы, билік тармақтарының арасындағы тиімді байланыс, адам құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы, конституциялық нормалардың шынайы мазмұнының ашылуы қаралады. Бұл процесте ҚР Конституциялық Сотының маңызы ерекше болмақ. Ол өз өкілеттігі арқылы конституция нормаларының терең түсіндірілуі мен жүзеге асуына негіздерді қалыптастырып, азаматтар мен адам құқықтары бойынша өкілдің өтініштерімен нақты жағдайлардағы талдауын жүргізеді. Конституциялық реформа аясындағы міндеттерді аталған органның қызметімен мүмкіндік туындайды. Зерттеу арқылы конституциялық бақылаудың бағыттары мен міндеттері, қызметін жетілдірудің ұсыныстары беріледі.

Түйін сөздер: Конституциялық реформа, Конституция, конституциялық бақылау, Конституциялық Сот, ақпаратқа қол жеткізу құқығы, адам құқықтары.

Аннотация. Конституционные реформы в Казахстане призваны провести масштабные изменения в государственном устройстве и системе управления. Благодаря этому рассматриваются верховенство и прямое применение Конституции, эффективная коммуникация между ветвями власти, защита прав и свобод человека, раскрытие истинного содержания конституционных норм. Особое значение в этом процессе будет иметь Конституционный Суд Республики Казахстан. Своими полномочиями он формирует основу для углубленного толкования и реализации норм конституции, проводит анализ конкретных ситуаций с запросами граждан и иных субъектов. Благодаря деятельности указанного органа появляется возможность выполнения задач в рамках конституционной реформы. В результате исследования направления и задачи конституционного контроля даются предложения по совершенствованию деятельности.

Ключевые слова: конституционная реформа, Конституция, конституционный контроль, Конституционный суд, право доступа к информации, права человека.

Annotation. Constitutional reforms in Kazakhstan are intended to carry out large-scale changes in the state structure and management system. Thanks to this, the supremacy and direct application of the Constitution, effective communication between branches of government, the protection of human rights and freedoms, and the disclosure of the true content of constitutional norms are considered. The Constitutional Court of the Republic of Kazakhstan will be of particular importance in this process. With his powers, he forms the basis for an in-depth interpretation and implementation of the norms of the constitution, conducts an analysis of specific situations with requests from a representative of citizens and human rights. Thanks to the activities of this body, it becomes possible to carry out tasks within the framework of constitutional reform. As a result of the study of the directions and tasks of constitutional control, proposals are given for improving activities.

Key words: constitutional reform, Constitution, constitutional control, Constitutional Court, right of access to information, human rights.

Құқық тарихта әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалаудың құралы ретінде қайшылықтарды шешіп, қоғам дамуын түзетеді. Құқықтық реформалар арқылы ескірген саяси және құқықтық институттар мен тәжірибелер жойылады. 2022 жылы Қазақстан тарихында конституциялық дамуда реформа қарастырылып, мемлекет дамуының жаңа бағыттары анықталып отыр. Бұған себеп 2022 ж. қаңтардағы Қазақстанның бірнеше қалаларында орын алған жаппай тәртіпсіздік пен мемлекеттік төңкеріс қауіпі. Бұл жағдай еліміздің дамуындағы әлеуметтік-саяси мәселелердің дер кезінде реттелмеуі мен конституциялық заңнаманың қоғам дамуының табиғи қажеттіліктерін көрсете алмауынан деуге болады. «Бұл отыз жылдық кезеңіндегі мүліктік теңсіздік пен халықтың көп бөлігінің ірі олигархиялық топтардың жетегінде болуынан қаңтар оқиғасына ұласып, белгілі-бір күштердің халықтың негізгі бөлігінің наразылығын пайдалану арқылы билікке келуі мен мемлекеттік төңкерісті көздеді.» [1, 53] ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев қоғамда қалыптасып отырғанын проблеманың бар екенін, ұлттық байлықтың бөлінісіндегі әділдікте проблема бар екенін, халықаралық эксперттердің Қазақстанның бар байлығының жартысы 162 адамның қолында шоғырланғанын көрсетті.

2019 жылы Қазақстандағы мемлекет басшысының ауысуымен тұңғыш Президент пен қазіргі Президент арасындағы өкілеттіктер бөлінді, бірнеше маңызды басқару тетіктері тұңғыш Президенттің қолында шоғырланды. Бұл билік транзиті кезінде Президент өкілеттігі мен өзге құрылымдар арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуге бағытталғанымен, шынайы жағдайда Президенттің шешімді әрекеттер жасауына мүмкіндік бермеді. Нәтижесінде елімізде мемлекеттік билікті жүргізуде екі ұшты жағдай орын алып, Президенттің ықпалды билігін төмендетті, конституциялық қауіпсіздікке қауіп төнді.

Тарихтың осы сынында еліміздің саяси-құқықтық дамуындағы қиындықтарды еңсеру мен енді оның қайталанбауы үшін ауқымды шаралар қажет болды. 16 наурыз 2022 жылғы Президенттің халыққа жолдауында конституциялық тұрақтылық пен қауіпсіздікті, әлеуметтік-саяси қатынастарды жаңаша қалыптастыратын конституциялық реформаның қажеттілігі көрсетілді. 5 маусым 2022 жылы Референдум арқылы ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, қазіргі глобализация мен әлемдік қауіп-қатер жағдайында әділетті құқықтық мемлекетті құрудың негіздерін бекітті. Реформа барысында Президент институтын сақтай отырып, оның біраз құқықтары шектелді. Сайланған Президент заңи және шынайы тұрғыдан халықтың өкілі ретінде ешқандай партияның мүддесін көздемей, мүшесі болмайды. Парламенттің ролі күшейіп, төменгі палата Парламенттің тікелей халықпен (сайлаушылармен) байланысы бекіп, депутаттардың 30% аймақтардан өзін-өзі ұсынумен сайланып, электораттардың оларды қайта шақырып алу тетігі бекітілді. Аралас сайлау жүйесін енгізумен Парламенттің, оның ішінде Мәжілістің

қызметіндегі (заңшығарудағы) өкілеттігі барынша халықпен байланысты болып, жауапкершілігі артты. Парламенттің заңшығарудағы Президент қарсылығын еңсеру мүмкіндігі бекітілді.

Сонымен қатар Үкімет өкілеттігі мен қызметі артқан болатын. Үкімет қоғамда орын алған жағдайлар бойынша мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін жедел шараларды жүргізуде Парламентке маңызды заңжобаларын енгізе алады. Осы заңжобалары қабылданғанша өз жауапкершілігі негізінде уақытша нормативті актілерін қабылдайды.

Конституциялық реформа барысында мемлекеттік билікті қайта жасақтауда қоғамның сұранысына сай билік тармақтарын құру мен Конституцияның үстемдігін арттыруда Конституцияны қорғау өзекті болып отыр. 1990 жылдары құрылған Конституциялық Сот қызметі қайта жанданып, суперпрезиденттік басқару нысанындағы қолайлы «жұмсақ» орган болған Конституциялық Кеңес органы ауыстырылды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы Конституциялық Сот органы барынша тәуелсіз шешімдер қабылдау арқылы сот билігінің және конституциялық бақылаудың халық арасында беделін көтерген болатын. Конституциялық Сот органының қабылдаған шешімдері азаматтардың конституциялық құқықтарын тікелей қарауға мүмкіндік беріп, азаматтардың құқықтарын қорғау тетігі арқылы конституция ережелерінің қағаз жүзінде қалмай, шынайы конституциялық қатынастарда (конституциялық тәжірибеде) жүзеге асуына, құқыққолдану практикасында іске асуына мүмкіндік берді.

Жаңадан құрылып отырған Конституциялық Сотқа осы мақсаттарды жалғастыру талаптары қойылып отыр. Өз қызметінде тек Конституция мен заңдарды басшылыққа ала отырып тәуелсіз қызмет ету. Конституцияның үстемдігін қамтамасыз ету, билік тармақтарында биліктің халықтық және егеменді болуын қамтамасыз етіп, мемлекеттік билікті Конституциямен шектеу.

Сонымен қатар Конституция теориясын дамыту. Конституцияның жазылған әрпін ғана емес, сонымен бірге оның рухын, потенциалын дамыту, жаңа қоғамдық қатынастар мен жағдайларда конституциялық доктринаны дамыту. Бұл конституция нормаларын түсіндіру, құқықтық позициялар мен құқықтүсінуді, конституциялық құқықтық сана мен идеологияны қалыптастыру.

Бүгінгі күні қазақстандық конституциялық бақылау институтының жоғарыда аталған міндеттерімен бірге Конституцияға өзгерістер енгізу туралы заңның 72-бабына сай азаматтардың және адам құқықтары бойынша уәкілдің тікелей шағымдануы көзделген. Конституциялық Сот органының құқыққорғаушылық қызметін арттырып, азаматтардың конституциялық құқықтарын кеңінен қорғауға мүмкіндік берді. Конституция нормаларының декларативті сипатта қалмай, оның шынайы құқықтық жағдайларда орындалуын қамтамасыз етіп, азаматтардың өз құқықтарын қорғаудағы белсенділігін арттырды.

Конституциялық Сот органы Конституцияның дамушы құқықтық материя ретінде тұрақтылығы мен бірге қоғамның шынайы талаптарына сай өзгеруі мен қолданылуы қамтамасыз етеді. «Негізгі заңның шектен тыс консервациялануы (өзгерістерге жатпауы) қоғамдағы қайшылықтарды күшейтіп, мемлекеттің эволюциялық дамуын бұзуы мүмкін. Бұның алғашқы негіздері қоғам өміріндегі жағдайлар болады. Бұл жағдайда оның заңи текстің өзгертпей жүргізуде Конституциялық бақылау органдары мен ғылыми қауымдастықтың теориялық негіздері ерекше орын алады.» [2, 9] Бұл айтылған жағдай «соттық конституционализм» арқылы Конституция нормаларын нақты жағдайда түрлендіруге, қолдануға мүмкіндік береді.

ҚР Конституциялық Сотына осы күнге дейін 5 мыңнан аса өтініш түскен, бұл конституциялық құқықтық қатынастар мен заңнамалардағы мәселелердің өзектілігінің артқандығын көрсетіп отыр. Соңғы кездері бірқатар мәселелер бойынша сұрақтар Сотта қаралып конституциялық құқықтық позициялар анықталып, қазақстандық құқық жүйесінің дамуына негіз болып отыр.

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңның 11-бабы 2 және 16-тармақтарының Конституцияның 18-бабы 3-тармағындағы мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктер

мен лауазымды тұлғалардың, бұқаралық ақпарат құралдарының әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдер мен ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз ету міндетіне сәйкестігі қаралды. 2018 жылғы 7 наурыздағы қызмет барысындағы тексеру бойынша азаматқа қатысты шығарылған анықтаманың «қызмет барысында пайдалану үшін» деген белгісі болғандықтан азаматтың сұранысына шектеу қойылған. Өтініш беруші мемлекеттік органға өзінің мүдделерін қозғайтын бөлігінде ведомствоаралық жұмыс тобының қорытындысымен және түйіндерімен танысу туралы өтініш білдірген [3]. Азаматтың өзіне қатысты мүддесін қозғайтын ақпараттарды алу бойынша бірінші, апелляциялық және кассациялық сатылардағы соттардың (Нұр-Сұлтан қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты 2022 жылғы 23 маусымдағы шешімінде; Астана қаласы сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы 2022 жылғы 15 қарашадағы қаулысында; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы 2023 жылғы 16 мамырдағы қаулысында) шешімдерімен «қызметтік пайдалану үшін» деген негіздердің болуына байланысты қанағаттандырылмаған болатын. ҚР Конституциялық Соты Конституцияда көзделген әркімнің өзіне қатысты ақпараттарды шектеусіз алуға болатынын анықтап, бұл құқық өзге адамдардың құқықтары мен мүдделерін бұзбайтындай, конституциялық құрлыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келмейтіндей үйлесімде қолдануын көрсетті. Сондықтан ақпарат алу құқығы адамдардың өз құқықтарын қорғау мен жүзеге асыруда, білікті заң көмегін алуда, ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануда, мемлекеттік басқару ісіне араласу мен өзге де жағдайларда маңызды болатынын анықтайды. Сонымен қатар адамдардың құқықтары мен беделін құрметтеу, мемлекеттік қауіпсіздікті қорғау, қоғамдық тәртіп пен халық денсаулығын, имандылығын қорғау мақсатында заңмен айқындай отырып аталған құқық шектелетіні тұжырымдалды. Бұндай шектеулер арнайы заңмен бекітіліп, адамның жеке өмірі мен отбасы құпияларын, салымдары мен қаражаттары, хат- хабар байланыстарын, мемлекеттік құпияларын сақтауды көздейді. Және де мұндай шектеулер мөлшерлес бола отырып, адам құқықтары мен конституциялық құрлысты қорғау мақсатында шектеу келтірілген зияннан басым болуы қажет.

Сонымен бірге ақпаратқа қол жеткізу құқығын шектеудің жалпы мүмкіндігімен бірге, ерекше маңызы бар кейбір түрлеріне қатысты шектеулер қолданылмайтыны көрсетіледі. Конституциялық өндіріс бойынша Конституциялық Сот дауланып отырған заң нормасының Конституцияға қайшы емес екендігін анықтады.

Дегенмен, ондағы ақпаратқа қол жеткізу құқығы мен оны шектеу арасындағы баланс (шектеу мөлшері) бойынша екі жақты позицияны жақсы көрсетті. Ең бастысы шектеу ақылға қонымды, заңды, мөлшерлі болуы қажет.

Бірақ Конституциялық Соттың бұл мәселедегі құқықтық позициялары жалпы сипатта, теориялық мәселелерді анықтауда қалып отыр. Ондағы екі позицияның теңгерімін жасауда практикада (құқыққолдануда) сот пен органдардың демократияландыру бойынша құлшынысы мен құқықтық дәстүрі қажет. Өкінішке орай мемлекеттік органдарымыз нормативизм мен бюрократиялық (ведомствалық мүдделерден) шыға алмай қалады. Мемлекеттік органдар үшін тіптен, нормадан ауытқу заңдық жауапкершілік қаупін тудырады, сондықтан органдар қалыптасқан әкімшілік прецедентті қатаң сақтауға тырысады немесе сақтықпен әрекет етеді. Бұл жерде бірден-бір тиімді және ықпалды орган сот органы болады. Қазіргі күнде қазақстанда құрылып отырған маманданған әкімшілік соттар осындай мәселеде жалпы түрде ғана (абстрактілі) конституциялық өндірістің тұжырымдарын нақты жағдайда (құқықтық қатынаста, істе) жүзеге асырушы болады. Аталған соттар әрбір жағдайдың (істің) жете талдауын жасау арқылы құқықтарды шектеудің немесе жүзеге асырудың бағалауын жасайды, мөлшерлестігін анықтай алады. Сондықтан бұндай жағдайларда сот органдары бірден-бір конституциялық позицияларды (конституциялық нормаларды) нақты істе жүзеге асырушы болады. Соттар істі қараумен шектеудің немесе қол жетімділіктің тиімділігін анықтай алады.

Жалпы ҚР Конституциялық Соттың аталған мәселе бойынша позициясы жалпы түрде қалып отыр, бұл әрине алдағы осындай ұқсас қатынастар үшін ортақ түрде тиімді жағдай. Дегенмен осы қатынаста нақты мәселелерді шешу үшін жеткіліксіз деп ойлаймыз. Себебі ҚР Конституциялық Соттың нормативті қаулыдағы позициялар құқықтар мен оның шектеу негіздерін ғана көрсетіп, аталған заң нормасының конституцияға сәйкестігі көрсетілген. Ал нақты жағдай бойынша талдау (казустық тұжырым) жоқ. Шетелдік конституциялық тәжірибеге қарайтын болсақ [4], онда нақты нормаларға қатысты Конституциялық Соттың түсіндірмелері беріліп, нақты іс бойынша конституциялық нормалардың жүзеге асуы нақтырақ көрсетіледі. Бізде де осы практиканы қабылдап, азаматтардың конституциялық құқықтарын жүзеге асыру бойынша сұрақтары оның шешімдерінде талданып берілсе. Бұл конституциялық нормалардың және конституциялық құқықтардың нақты істерде жеткілікті жүзеге асуына мүмкіндік берер еді. Сонымен қатар соттар мен мемлекеттік органдар үшін конституциялық нормаларды тікелей және жеткілікті жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Сондықтан конституциялық реформалардың аясында орын алып отырған конституциялық бақылау қызметімен бір жағынан аталған органның мәртебесін көтеру мен билік тармақтарына араласу қызметі күшейтілсе, екіншіден конституциялық мәселелерде азаматтардың құқықтарын қорғау арқылы нақты істерде конституциялық құқықтық қатынастардың дамуы көрсетіліп, азаматтардың құқықтарының қорғалуының конституциялық тәжірибесі қалыптасады, конституциялық нормалардың формальды-логикалық сипатымен қатар шынайы жүзеге асуына жол ашылады.

Конституциялық реформадағы мәселелер мен халықтың өзгерісті қалуы мемлекеттік саясаттан алға кетіп қалғаны көрінеді. Реформадағы өзгерістер уақытында жасалмағандықтан ол қоғамды тоқырауға әкелген факторлар ретінде экономикалық және саяси монополияға жол беріп, қайшылықтарды тудырды. Қоғамда жүйелік өзгерістерге қажеттілік туындап, кедейліктің және әлеуметтік топтар арасында алшақтықтың артуы күшейді.

Құқық -шығармашылық және қайтақұрушы сипатқа ие бола отырып, қазіргі мемлекеттер алдында тұрған құқықтық саясаттың мәселелерін, құқықтық нормалар мен институттардың жаңғыруын оңды шешуі керек. Осы міндеттерде ҚР Конституциялық Сотының орны ерекше.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.Ф.Ударцев. Конституционная реформа 2022 года в Казахстане: корректировка модели государства, укрепление правозащитных механизмов после массовых беспорядков начала года. Государственно-правовые исследования. 2022. Выпуск 5. <https://cyberleninka.ru/article/n/konstitutsionnaya-reforma-2022-goda-v-kazahstane-korrektirovka-modeli-gosudarstva-ukreplenie-pravozaschitnyh-mehanizmov-posle/viewer>
2. Хабриева Т.Я. Конституционная реформа в современном мире: монография / Т.Я. Хабриева. — М.: Наука РАН, 2016. — 320 с, <https://izak.ru/upload/iblock/8d8/8d85d271c500fe6aff89a2b96c7035ef.pdf>
3. ҚР Конституциялық Сотының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы №39-НҚ нормативтік қаулысы. <https://www.gov.kz/memleket/entities/ksrk/documents/details/575248?lang=kk>
4. Германия Конституциялық Сотының шешімдері. BUNDESVERFASSUNGSGERICHT - 1 BvR 1076/23 -, BUNDESVERFASSUNGSGERICHT - 2 BvR 1749/20 -, https://www.bundesverfassungsgericht.de/SharedDocs/Entscheidungen/DE/2023/11/rk20231117_1_bvr107623.html

МРНТИ 10.17.31

Егежанова Диана Рамзиевна
3. Зачем МФЦА отдельный суд и арбитражный центр? <https://informburo.kz/stati/zachem-mfca-otdelnyy-sud-i-arbitrazhnyy-centr.html>

4. "Астана" халықаралық қаржы орталығының құқығы мен қызметінің негізгі аспектілеріне қысқаша шолу. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32089998&doc_id2=32089998#activate_doc=2&pos=21;-51&pos2=1;92

5 Арбитражный регламент МФЦА от 5 декабря 2017 года) https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32820842&pos=4;-104#pos=4;-104.

6. ХТО сайты. <https://aifc.kz/ru/about-us>

ӘОЖ 10.15.59

Жуманова К.Т.

Alikhan Bokeikhan University 3-курс докторанты.

e.mail 87056887832@list.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ БҰЗЫЛҒАН ҚҰҚЫҚТЫҚ МҮДДЕСІН РЕТТЕЙТІН МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ РӨЛІ

Аннотация: Бала құқығы белгілі бір құқықтық ұғым ретінде адамзаттың алғашқы дінді қабылдау кезеңінен басталып, балаларға қамқорлық көрсетіле басталған. Бірақ ол қазіргі кезеңдегі жасөспірімдер құқығынан өзгеше және белгілі бір діни ұғымнан аспай қалған. Жаңа құқық жүйесінде бала құқығы негізгі екі принципке сүйенуде. Олардың біріншісі: Жасөспірім бір адамзаттың баласы екендігі. Бұл принципке байланысты балаға адам ретінде қажетті қамқорлық пен мейірім көрсету. Екіншісі: Бірлік принципі. Баланың бір мемлекеттің және қоғамның айрылмас бөлігі ретінде қарау. Бұл екі принципке байланысты қазіргі модерн құқықтық системасы баланы қоғамдық қажеттілік үшін қорғау түрінде дамуда. Бұл себептен бала қоғамдық қажеттілік үшін қорғауға алынады және мемлекет осы бағытта шығарылған заңнамалармен қамтамасыз етеді.

Кілт сөздер: Кодекс, Декларация, Конвенция, Кибербуллинг, Порнография, Бюджет, Конституция.

Аннотация: Право ребенка как определенное правовое понятие зародилось на этапе принятия человечеством первой религии и стало проявляться забота о детях. Но она отличается от прав подростков на современном этапе и не превышает определенного религиозного понятия. В новой правовой системе права ребенка основываются на двух основных принципах. Первый из них: подросток - это ребенок одного человечества. В зависимости от этого принципа оказывать ребенку необходимую заботу и доброту как человеку. Второе: Принцип единства. Рассматривать ребенка как неотъемлемую часть одного государства и общества. В связи с этими двумя принципами современная правовая система развивается в виде защиты ребенка для общественных нужд. По этой причине ребенок берется под защиту для общественных нужд и государство обеспечивает законодательство, изданное в этом направлении.

Ключевые слова: Кодекс, Декларация, Конвенция, Кибербуллинг, Порнография, Бюджет, Конституция.

Abstract: The right of the child as a certain legal concept was born at the stage of the adoption of the first religion by humanity and the care of children began to manifest itself. But it differs from the rights of adolescents at the modern stage and does not exceed a certain religious concept. In the new legal system, the rights of the child are based on two basic principles. The first of them: a teenager is the child of one humanity. Depending on this principle, provide the child with the necessary care and kindness as a person. Second: The principle of unity. Consider the child as an integral part of one state and society. In connection with these two principles, the modern legal system is developing in the form of child protection for public needs. For this reason, the child is taken under protection for public needs and the state provides legislation issued in this direction.

Keywords: Code, Declaration, Convention, cyberbullying, Pornography, Budget, Constitution.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік білікті саясатының мақсаттары балалардың мүддесі үшін былайша жүзеге асырылатынын көріп отырмыз. Мысалы, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің негізгі кепілдіктерін нығайту, сондай-ақ олардың құқықтары бұзылған жағдайларда оларды қалпына келтіру болып табылады.

Бала құқықтары кепілдіктерінің құқықтық негіздерін қалыптастыру, баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі тиісті органдар мен ұйымдарды құру арнаулы органдардың қызметі болып табылады. Балалардың дене, зияткерлік, рухани және адамгершілік дамуы, азаматтық және бейбітсүйгіш сезімдерді тәрбиелеу, сондай-ақ қоғам мүддесі үшін, кәмелетке толмағандардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыру жөніндегі мақсатты жұмысты қамтамасыз ету, мемлекет халықтарының дәстүрлерге, ұлттық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне қол жеткізуі үшін мүмкіндіктерді ашуға жәрдемдесу.

Балалар мүдделеріндегі мемлекеттік саясат мемлекеттік органдар қызметінің басым саласы болып табылады және баланың құқықтарын заң жүзінде қамтамасыз етуге міндеттенеді. Балаларды толыққанды тәрбиелеуді қамтамасыз ету, олардың құқықтарын қорғау, оларды қоғамдағы толыққанды өмірге дайындау мақсатында отбасын мемлекеттік қолдауға бағытталған. Баланың қорғалуы мемлекеттің басты қызметтерінің бірі. Мемлекет өзінің функциясы арқылы балалық шақты қорғауды жүзеге асырады. Жас ұрпақты дұрыс, салауатты тәрбиелеу үшін, балалықты қорғау механизмдерін жетілдіріп қана қоймай, оны дамыту қажет. Осы ретте отандастарымыздың балаларды асырап алуға ынталандыру саясатын жүргізу қажет, Қазақстандық балаларды шетел азаматтарының асырап алу саясатын тиімді етіп жүргізу, интернаттық мекемелерде тәрбиеленіп жатқан жетім балаларды әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан қамтамасыз ету, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды медициналық қамтамасыз етуді жетілдіру керектігі туындап отыр. Бұл мәселелерді іске асыру барысында еліміз халықаралық тәжірибелерге сүйенуі қажет деп ойлаймыз. Балалардың құқықтарын қорлаудан қорғау керек.

Баланың құқықтарын қорғау туралы заң жобасының нормасына қатысты көптеген пікірлер бар, бұл қалыпты жағдай, бірақ балалардың құқықтарын интернеттегі қудалаудан, яғни "кибербуллингтен" тиімді қорғау қажет екенін ескеру қажет. Бұл өте маңызды, оның үстіне Қазақстан Бала құқықтары туралы халықаралық конвенцияға қол қойған және барлық қолжетімді құралдармен оларды қорғауға тиіс.

Жасөспірімдердің құқықтарын сақтамау туралы жиі естиміз, бірақ олар қандай да бір себептермен олар келесі жоғары деңгейдегі істерден кейін ғана есте қалады. Бірақ, жасөспірім отбасында және мектепте қандай құқықтар бар екенін білуі керек, осы салада білім алу қажеттілігін тек келесі қатал бұзушылықты анықтау кезінде ғана еске түсіре алмайды. Әйтпесе, балалардың және жасөспірімдердің жасөспірімдерінің құқықтарын қорғау және сақтау, егер балалар өздерінің құқықтары туралы ешқандай ұғымға ие болмаса. Айтпақшы, біз ересек болсақ та, өмір құқығына қатысты мазасыздан басқа жасөспірімнің қандай құқықтары бар? Әлбетте, жоқ, өйткені әр қадамда олар бұзылады, әсіресе жұмыспен қамту мәселесі және жұмыс істейтін жасөспірімдердің құқықтары. Жасөспірім қандай құқықтарға ие?

БҰҰ конвенциясы мынадай құқықтарға кепілдік береді: өмір сүру құқығы – туған, тұрғылықты жері және қол жетімді медициналық қызметтер; даму құқығы – білім беру, демалыс, демалыс және мәдени өмірге қатысу; қорғаныс құқығы – жетім балаларға, босқындарға күтім жасау, сондай-ақ дәрілік заттарды сатып алу мен пайдаланудан қорғау; қоғамның өміріне белсенді қатысу құқығы – сөз бостандығын, дінді, ар-ожданды қамтамасыз ету.

Баланың мектептегі құқықтары тегін білім алу құқығымен шектелмейді. Баланың құқықтарын заң тұрғысынан қамтамасыз етуге балаларға толымды тәрбие беруді олардың құқықтарын қорғауды оларды қоғамда толымды өмір сүруге дайындауды қамтамасыз ету мақсатында отбасын мемлекеттік қолдауға аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып балалардың өмірін жақсартуға бағытталған мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттарды белгілеуге және сақтауды қамтамасыз ету болып табылады. Баланың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзғаны оған зиян келтіргені үшін лауазымды тұлғалардың азаматтардың жауаптылығына баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдарды мемлекеттік қолдауға негізделген [3].

Елімізде жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, мүгедек, мүмкіншілігі шектелген балаларға әлеуметтік қамқорлық жасауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар қабылданған. Атап айтсақ: «Қазақстан - Балалары», «Жетім балалар», «Мүгедек балалар» және т.б.

Бұдан басқа аталған жағдайларды реттейтін мемлекетімізде бірқатар заңнамалық актілер де баршылық. Олар: «Отбасылық үлгідегі балалар ауылы мен жасөспірімдер үйлері туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» және т.б.

Кәмелетке толмаған қызметкерлер уақыттан тыс жұмыстарды атқаруға қатыстырылмайды. Жұмыс берушілер 18-ге толмаған қызметкерлермен толық материалдық жауапкершілік туралы жазбаша шарт жасаса алмайды. Бұл арада әңгіме оларға берілген құндылықтарды сақтауға, өңдеуге, сатуға (жіберуге), тасымалдауға немесе өндіріс барысында қолдануға тікелей қатысы бар қызмет не жұмыс туралы болып отыр. Жұмыс берушінің өз мүддесіне орай заңға сәйкес қызметкерді өз қаржысы есебінен оқытуға немесе кадрлар даярлау үшін оқуға жіберуге қақы бар. Бұл жағдайда кадрларды кәсіби даярлау тікелей өндірістің өзінде ұйымдастырылуы, сондай-ақ бұған тиісті жағдайы мен алған рұқсаты бар мамандандырылған ұйымдарда не орта және жоғары кәсіби оқу орындарында ұйымдастырылуы мүмкін. Басқаша айтқанда, заң жұмыс берушіні қызметкерді оқытуға міндеттемейді. Сонымен бірге жаңа мамандықтар бойынша кадрлар даярлау қажет болған жағдайда жұмыс беруші өз қаржысы есебінен қызметкерлерді, әсіресе жастарды оқуға, қайта даярлауға және кәсіби шеберлігін жетілдіруге жібере алады.

Егер кәмелетке толмаған қызметкерді оқыту тікелей өндірістің өзінде ұйымдастырылса, онда даярлау, мамандықтар бойынша біліктіліктің бастапқы деңгейіндегі біліктілік сипаттамасы талаптарының көлемінде жүзеге асырылады. Бұл арада оқуға жіберілген кәмелетке толмағандардың жасы, жынысы және денсаулық жағдайы қазір қолданылып жүрген еңбек заңының талаптарына, экономиканың тиісті салалары жұмысшыларының, кәсіптері мен мамандықтарының еңбегін қорғау жөніндегі нормаларына сәйкес болуы керек. [4].

Елімізде әлеуметтік қорғаусыз, ата-анасыз қалған балалар қаншама. Мәліметтерге сүйенсек балалар үйінде мыңдаған жетім балалар тәрбиеленуде. Оның ішінде ата-аналары тастап кеткен балалар да жоқ емес. Балаларды мәжбүрлеп еңбек етуге итермелеу күннен-күнге өсіп келе жатқан мәселе. Балалардың қиын әлеуметтік және экономикалық дағдарыс кезінде, отбасылық ахуалына байланысты, қайыр сұрауы, автокөліктердің терезелерін сүрту сияқты еңбектенуі күнделікті кездестіретін жәйт болды. Түзетулерді әзірлеу кезінде халықаралық тәжірибе зерделенді, оның қорытындысы бойынша әлемдік қоғамдастық осы саланы заңнамалық реттеуге талпынып жатқаны анықталды. Мысалы, Еуропаның кейбір елдерінде жергілікті заңнаманың ерекшелігін ескере отырып, интернет-кеңістікті құқықтық реттеу бойынша нормалар қабылданды. Сондықтан балалардың құқықтарын интернеттегі қудалаудан қорғау барлық жағынан басымдыққа ие болуы керек.

Мемлекет балалардың Қазақстан халқының тарихымен, дәстүрлерімен, рухани қазыналарымен және әлемдік мәдениет жетістіктерімен танысуына мүмкіндік жасайды. Мемлекет балалардың шығармашылық және ғылыми қабілетін дамыту үшін ұйымдар

кұруды, кино және бейнефильмдер, теледидар және радио хабарларын шығаруды, балаларға арналған газеттер, журналдар, кітаптар басып шығаруды көтермелейді, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оларға қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

3. Порнографияны, қатыгездік пен зорлық-зомбылықты дәріптейтін, адамның қадір-қасиетін қорлайтын, балаларға зиянды әсер ететін және құқық бұзушылыққа ықпал ететін бұқаралық ақпарат құралдарын, әдебиетті, ойын-сауық және басқа іс-шараларды пайдалану заң бойынша қудаланады.

Баланы әлеуметтік ортаның теріс ықпалынан қорғау Мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар баланы оның денсаулығына, имандылық жағынан және рухани дамуына зиян келтіретін әлеуметтік ортаның, ақпараттың, насихат пен үгіттің теріс ықпалынан қорғауға міндетті. Салауатты өмір салтын насихаттау мен балаға құқықтық білім беруді мемлекет өз саясатының басым бағыттарының бірі деп таниды.

Қылмыстың, зорлық-зомбылықтың немесе өзге де заңсыз әрекеттің салдарынан тән немесе жан жарақатын алған балаға денсаулығын қалпына келтіру және әлеуметтік бейімделу үшін қажетті көмек көрсетілуге тиіс.

Бала және қоғамдық ақпарат құралдары Балаларға арнап нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік және діни өшпенділікті өршітуге бағытталған, тектік-топтық ерекшелікті, соғысты насихаттайтын, конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге және Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығын бұзуға шақыратын үндеулері, порнографиясы бар немесе баланың рухани және имандылық жағынан дамуына өзгеше зиян келтіретін ойыншықтарды, кинофильмдерді, дыбыс- және бейнежазбаларды көрсетуді, сатуды, сыйға тартуды, көбейтуді және прокатқа беруді жүзеге асыруға, әдебиеттерді, газеттерді, журналдарды және басқа бұқаралық ақпарат құралдарын таратуға тыйым салынады.

Осы баптың 1-тармағында аталған әрекеттердің жасалғаны үшін Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жауаптылық шаралары қолданылады.

Баланы жезөкшелік пен порнографиядан қорғау Баланы жезөкшелікпен айналысуға тартқандарға, балаға порнографиялық материалдарды немесе заттарды, баспа басылымдарын, кино- немесе бейнематериалдарды, порнографиялық сипаттағы және эротикалық мазмұндағы өзгеде нәрселерді таратқандарға, жарнамалағандарға немесе сатқандарға Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген тәртіппен жауаптылық белгіленеді.

Аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, балалардың өмірін жақсартуға бағытталған мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттарды белгілеуге және сақтауға арналады. Баланың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзғаны, оған зиян келтіргені үшін лауазымды тұлғалардың, азаматтардың жауаптылығына.

Баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдарды мемлекеттік қолдауға негізделген. Қазақстан Республикасы орталық және жергілікті атқарушы органдарының мемлекетте баланың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі өкілеттіктері. Орталық атқарушы органдардың баланың құқықтарына кепілдіктерді қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттіктеріне бірнеше қызметтер жатады.

Балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясаттың негіздерін талдап жасау. Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру. Өз құзыреті шегінде баланың құқықтары мен бостандықтарын реттеу және қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді қабылдау. Балалардың өмірін жақсартуға бағытталған мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттарды белгілеу. Бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен балалар мүдделерінде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру. Баланың құқықтарын қорғау мәселелері

бойынша мемлекеттің халықаралық міндеттемелерін орындау және халықаралық ұйымдарда мемлекет мүддесін білдіру.

Жергілікті атқарушы органдардың бала құқықтары кепілдіктерін жүзеге асырудағы өкілеттіктеріне. Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ету. Балаларға арналған әлеуметтік инфрақұрылымды қалыптастыруға қатысу. Баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі консультацияларды хабарлау мен өткізу, іс-шараларды жүзеге асыру тәртібін белгілеу. Тәрбие, білім беру, денсаулық сақтау, ғылым, мәдениет, дене тәрбиесі мен спорт, әлеуметтік қызмет көрсету және отбасын әлеуметтік қорғау саласында балалар мүдделеріне орай орталық атқарушы органдар айқындаған мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру. Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды міндетті түрде жұмысқа орналастыруды және тұрғын үймен қамтамасыз етуді белгіленген тәртіппен жүзеге асыру. Жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

Баланың құқықтары жөніндегі уәкіл институты ол баланың құқықтары жөніндегі уәкіл институтын Қазақстан Республикасының Президенті құрады және ол өз қызметін балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдіктерін қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік және қоғамдық институттармен өзара іс-қимыл жасай отырып, балалардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру мақсатында қоғамдық негізде жүзеге асырады.

Әрбір бала туылғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тіркелуге тиіс. Туылған кезінен бастап оның аты, әкесінің аты және тегі, ұлты және азаматтығы болуына құқығы, ал Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда оларды сақтауға құқығы бар. Баланың өмір сүруге, жеке басының бостандығына, қадір-қасиетіне және жеке өміріне қол сұғылмауға құқығы

Әрбір баланың өмір сүруге, жеке басының бостандығына, қадір-қасиетіне және жеке өміріне қол сұғылмауға құқығы бар. Мемлекет баланың жеке басына ешкімнің тиіспеуін қамтамасыз етеді, оны тәнін және немесе жанын жәбірлеуден, адамдық қадір-қасиетін қатыгездікпен, дөрекілікпен қорлаудан, кемсітуден, жыныстық қатынас сипатындағы әрекеттерден, баланы қылмыстық іс-әрекетке және қоғамға жат әрекеттер жасауға тартудан, және оны адам мен азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтары мен бостандығына қысым жасаудың өзге де түрлерінен қорғауды жүзеге асырады. Баланың сөз және ар-ождан бостандығына, ақпаратқа, қоғамдық өмірге араласуға құқығы. Әрбір баланың сөз бостандығына және өз пікірін айтуға, ар-ождан бостандығына, өзінің қоғамдық белсенділігін дамытуға, жасына сәйкес ақпарат алуға және оны таратуға, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ басқа да коммерциялық емес ұйымдардың нысандарына және Қазақстан Республикасының заңдарымен рұқсат етілген бейбіт жиналыстарға өз еркімен қатысуға құқығы бар. Мемлекеттік органдар балалардың жеке адами тұлғасын, олардың шығармашылық бейімділігін, әлеуметтік белсенділігін, ғылыми, техникалық және көркем шығармашылығын дамытуды, олардың интеллектуалдық меншігін қорғауды, балалардың өмірі мен денсаулығын сақтауды, қоршаған табиғи ортаны, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауды өзіне мақсат тұтатын, қайырымдылықты жүзеге асыратын, мәдени және спорттық өмірге қатысуға тартатын, демалысты ұйымдастыратын қоғамдық ұйымдарға жәрдемдеседі. Баланың қажетті тұрмыс деңгейіне құқығы әрбір баланың дене бітімінің, психикасы мен жан дүниесінің толымды дамуы үшін қажетті тұрмыс деңгейі мен жағдайы болуға құқығы бар. Мемлекет бұл жағдайлардың жасалуын әлеуметтік және экономикалық шаралар жүйесі арқылы қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар баланың мүліктік құқықтарына тоқталатын болсақ кез келген баланың заңмен белгіленген тәртіппен және мөлшерде өз ата-анасынан және отбасының басқа да мүшелерінен қаражат алуға құқығы бар. Балаға алименттер, жәрдемақылар және басқа да әлеуметтік төлемдер ретіндегі тиесілі сомалар ата-анасының (олардың орнындағы

адамдардың) билік етуіне келіп түседі және олар баланы күтіп-бағуға, оған білім беруге және оны тәрбиелеуге жұмсалады. Әрбір баланың заңдарда белгіленген тәртіппен өз бетінше немесе өзінің заңды өкілдері арқылы мәмілелер жасауға, банктерде салымы болуға және жалақысына, стипендиясына немесе өзге де кірістеріне және интеллектуалдық меншік құқығы объектілеріне билік етуге, өзге де мүліктік құқықтарды иемденіп алуға және оларды жүзеге асыруға құқығы бар. Ата-аналар немесе заңды өкілдер баланың жәрдемақысын немесе материалдық көмек ретінде мемлекет бөлген ақшалай қаражатты баланың атына банкке салуға құқылы. Әрбір баланың өзі тапқан табысқа, өзі сыйға немесе мұра ретінде алған мүлікке, сондай-ақ баланың қаражатына сатып алынған басқа да кез келген мүлікке меншік құқығы бар. Өз еңбегімен табыс табатын бала, егер ол ата-анасымен бірге тұратын болса, отбасын асырауға жұмсалатын шығындарды бөлісуге қатысуға құқылы. Баланың өзіне меншік құқығымен тиесілі мүлікке билік ету құқығы Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарымен айқындалады.

Ал балалардың тұрғын үйге құқықтарына келетін болсақ, әрбір баланың Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес тұрғын үйге құқығы бар. Білім беру ұйымдарындағы, медициналық және басқа да ұйымдардағы, оның ішінде қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін ұйымдардағы, қорғаншылықтағы немесе қамқоршылықтағы, патронаттық тәрбиедегі жетім бала, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала тұрғын үйге меншік құқығын немесе тұрғын үйді пайдалану құқығын сақтайды, ал құқығы болмаған жағдайда олардың Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес тұрғын үй алуға құқығы бар. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй жетім балаларда, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларда олар білім беру ұйымдарында, медициналық және басқа да ұйымдарда, оның ішінде қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін ұйымдарда, қорғаншылықта немесе қамқоршылықта, патронаттық тәрбиеде болған кезеңде олар кәмелетке толғанға дейін сақталады.

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, оның ішінде жетім балаларды оларға басқа тұрғын үй берілмейінше, тұрып жатқан тұрғын үйінен шығаруға болмайды. Балалардың тұрғын үйге меншік құқығын немесе тұрғын үйді пайдалану құқығын сақтауды жергілікті атқарушы органдар қамтамасыз етеді. Он төрт жасқа толмаған жетім баланың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланың тұрғын үйін иеліктен шығару, оның ішінде айырбастау немесе сыйға тарту бойынша мәмілелер жасауға немесе олардың атынан кепілгерлік шартын, тұрғын үйді өтеусіз пайдалануға тапсыру немесе кепілге қою бойынша мәмілелер, заң жүзінде, өсиет бойынша оларға тиесілі мұрагерлік құқықтардан бас тартуына, олардың тұрғын үйін бөлуге немесе одан үлес бөліп алуға әкеп соқтыратын мәмілелер жасасуға жол берілмейді.

Бала құқығын қорғауда ювеналдық соттардың атқаратын рөлі орасан зор, дегенмен жалғыз өзі жеткіліксіз. Бұл себептен еліміздің жасөспірімдерге байланысы бар басқа да мемлекеттік құрылымдар мен органдар да өздеріне түсетін үлесті кәсіби атқарулары қажет. Соның ішінде ішкі істер бөліміндегі кәмелетке толмағандар жөніндегі инспекциясы жұмысын құқық бұзғаннан кейін ата анасына әкімшілік хаттама толтырмай, балалардың құқық бұзуларын алдын алумен көбірек айналысулары керек, білім беру бөліміндегі балалар мүддесін қадағалайтын орган кәсіби мамандардан құрылуы қажет. Прокуратура қызметкерлерінің ішінде де жасөспірімдер бөлімі немесе бала істері жөніндегі көмекшілердің белгіленуі мен бірге кәмелетке толмағандардың қатысуымен жасалған қылмыстарды сотта қарау барысында айыптау жағынан прокурорлардың қатысуының қаншалықты қажет екендігі де қарастырылуы мүмкін.

Сонымен қатар ювеналдық сотта қызмет атқаратын судьяларға да қойылатын талап қатаң болу керек деп ойлаймын. Өйткені бала тағдырын шешу, баланың ата анасымен қатынасын сараптау, жасөспірімнің қылмыс жасаудағы себебін сот отырысы барысында анықтау үшін тек қана балалар мен отбасына байланысты құқықты білу жеткіліксіз. Ол үшін ең алдымен бала психологиясын ғылым ретінде жеке зерттеп, жасөспірімнің ішкі дүниесін

түсіне білетін жағдайға жету керек. Неке және отбасы деген ұғымнан хабардар болмаса, шығарған шешімі заңды болғанмен әділдігі күмән туғызуы мүмкін. Сондықтан ювеналдық соттарға судья тағайындау барысында олардың ішінде құқық білімімен қосымша педогогикалық, психологиялық білімі барлары немесе бала оқытуы және тәрбиесімен айналысқан мамандарды таңдаған дұрыс па деп ойлаймын. Ал ең бастысы ювеналдық судьяның өзі отбасы иесі болуы шарт, өйткені баланың қамын тек қана балалы біледі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жылы қабылданған. 2022 жылғы өзгертулер мен толықтырулармен. – Алматы,
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп - өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы: Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. - Алматы, 2002. - 96 б.
3. Қазақстан Республикасы. Неке және отбасы туралы Заңы. 17 желтоқсан 1998 жылы Парламентпен қабылданған. 21 мамыр 2007 жылғы өзгертулер мен толықтырулармен // Егемен Қазақстан. – 2007. – 22 мамыр.
4. Қазақстан Республикасы. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Заңы / 8 тамыз 2002 жылы Парламентпен қабылданған // «Юрист» Электрондық жүйесі.
5. Проверили и ужаснулись. Достоверной статистики о количестве наркоманов в стране нет: Информация Генеральной Прокуратуры Республики Казахстан // <http://info-tsес.kz/red/article>

МРНТИ 10.15.59

**Ибрагимова Н.И.,
Қорғанбаева Е.А.**
Alikhan Bokeikhan University,
Семей қ., Қазақстан

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ОТБАСЫН ӘЛЕУМЕТТІК- ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУДЫ ЖЕТІЛДІРУ

Alikhan Bokeikhan University, мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушылары, Семей қ.

Нақты мақалада әскери қызметшілердің Қазақстан Республикасының Конституциясы негізінде әлеуметтік қамсыздандырылуы, тұрғын үймен қамтамасыз етілуі, сонымен қатар оларға медициналық қызмет көрсетілуі қарастырылған.

Түйінді сөздер: *Әскери қызметшілер, тұрған үй, медициналық қызмет, әлеуметтік қамсыздандыру.*

В данной статье рассматриваются социальное обеспечение, обеспечение жильем, а также медицинское обслуживание военнослужащих на основе Конституции Республики Казахстан.

Ключевые слова: *Военнослужащие, жильё, медицинское обслуживание, социальное обеспечение.*

This article discusses social security, housing, and medical discussion of military personnel on the basis of the Constitution of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: *Military personnel, housing, medical care, social security.*

Мемлекет шамадан тыс жүктемеде, сондай-ақ қолайсыз ауа-райы шарттарында әскери қызметті атқаруға байланысты әлеуметтік қызметкерлер үшін әлеуметтік қолдауды көздейді. Біздің ел әскери қызметкерлердің өздеріне де, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне де қажетті көмекті көрсетуге тырысады [1]. Қазақстанда нормативтік құжаттарға сәйкес әскери қызметкерлерге белгілі бір жеңілдіктер бар. Осы жеңілдіктер осы мақалада толық сипатталады.

Әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету.

Арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің немесе әскери қызметшілердің отбасы мүшелеріне:

1) зайыбы немесе жұбайы;

2) ортақ немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің баласы (балалары);

3) ортақ немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің он сегіз жасқа толғанға дейін мүгедек болған он сегіз жастан асқан баласы (балалары) жатады.

Мемлекет есебінен әскери қызмет мерзіміне тұрғын үймен қамтамасыз етіледі.

Әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен жүргізіледі [2].

Әскери қызметкерлерге медициналық қызмет көрсету.

Әскери қызметшілерді әскери-медициналық мекемелерде (ұйымдарда) медициналық қамтамасыз ету мемлекет есебінен жүзеге асырылады.

Әскери қызметшілердің қызмет орны немесе тұрғылықты жері бойынша әскери-медициналық мекемелер болмаған немесе оларда тиісті бөлімшелер не медициналық көрсеткіштер бойынша арнайы жабдық болмаған кезде медициналық көмек ведомстволық тиесілігіне қарамастан, мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында, жеке меншік құқығына негізделген денсаулық сақтау ұйымдарында және жеке медициналық практикамен айналысатын жеке тұлғаларда тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шегінде көрсетіледі.

Жеке меншік құқығына негізделген денсаулық сақтау ұйымдарына және жеке меншік медициналық практикамен айналысатын жеке тұлғаларға тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шегінде әскери қызметшілерге медициналық көмек көрсету бойынша шығындарды өтеу Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Емделуге жұмсалған қаражатты әскери қызметшілерге, олар құрылымында әскери қызмет өткеретін уәкілетті орган тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шегінде өтейді.

Әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде жараланған, контузия, жарақат алған, мертлікке немесе ауырған әскери қызметшілер, олар құрылымында әскери қызмет өткеретін Қарулы Күштердің қаражаты есебінен санаторийге жіберіледі.

Мерзімді қызметтің әскери қызметшілері және әскери оқу орындарының курсанттары медициналық көрсеткіштері болған кезде мемлекет есебінен санаторлық-курорттық емделумен қамтамасыз етіледі.

Әскери қызметшілерді әлеуметтік қамсыздандыру.

Әскери қызметшілердің барлық санаттары әскери қызмет міндеттерін орындағаны үшін Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін мемлекеттік бюджет есебінен қамтылатын Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесі негізінде белгіленетін ақшалай үлеспен қамтамасыз етіледі.

Ақшалай үлес ақшалай қаражатты (лауазымдық айлықақыны және әскери атағы бойынша айлықақыны), қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақыларды және қолданыстағы заңнамада көзделген басқа да үстемеақыларды қамтиды.

Келісімшарт бойынша әскери қызметшілердің лауазымдық айлықақылары мемлекеттік қызмет өтілі ескеріле отырып айқындалады.

Келісімшарт бойынша әскери қызметшілер лауазымдық айлықақыларының және әскери атақтар бойынша айлықақыларының мөлшері тиісті лауазымдардағы мемлекеттік

қызметшілер лауазымдық жалақыларының мөлшерінен және тиісті арнайы атақтар мен сыныптық шендерге қосымша ақылар мөлшерінен төмендетілмей белгіленеді.

Әскери қызметші әскери қызметте дәлелсіз себептермен болмаған жағдайда оған болмаған күндері үшін ақшалай үлес төленбейді.

Ақшалай үлесті, жәрдемақылар мен басқа да төлемдерді төлеу тәртібін уәкілетті органдар белгілейді.

Әскери қызметшілерге жарылу қаупі бар заттарды және өзге де жарылғыш құрылғыларды іздеу, тасымалдау, залалсыздандыру және жою жөніндегі жауынгерлік міндеттерді орындаған кезде уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен тәулігіне бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жәрдемақы төленеді.

Радиоактивті материалдарды, иондаушы сәулелену көздерін, аса жоғары жиілікті және (немесе) зымыран отынының құрамдастарын пайдаланумен, сақтаумен байланысты лауазымдарда қызмет өткеретін, сондай-ақ көрсетілген жұмыстарға және объектілерде радиоактивті материалдарды, иондаушы сәулелену көздерін, аса жоғары жиілікті және (немесе) зымыран отынының құрамдастарын пайдаланумен, сақтаумен байланысты авария салдарларын жою жөніндегі жұмыстарға уақытша тартылатын әскери қызметшілерге нақты жұмыс істеген уақытына тепе-тең ұзақтығы жылына он екі тәулікке дейін қосымша демалыс беріледі.

Келісімшарт бойынша әскери қызметшілерге жабық және оқшауланған әскери қалашықтарда, шекара заставааларында және комендатураларда тұратындарды қоспағанда, коммуналдық қызметтерге арналған шығыстарды төлеу үшін уәкілетті органдардың бірінші басшылары айқындайтын тәртіппен, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген мөлшерде ақшалай өтемақы төленеді.

Әскери қызметшілер мемлекет есебінен бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша уәкілетті мемлекеттік органдардың бірінші басшылары бекіткен нормалар бойынша және уәкілетті органның бірінші басшысы айқындайтын тәртіппен заттай мүлікпен қамтамасыз етіледі.

Әскери қызметшілер бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық мемлекеттік органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасы уәкілетті мемлекеттік органдарының бірінші басшылары белгілейтін нормалар бойынша мынадай жағдайларда:

- 1) жауынгерлік кезекшілікті атқарған кезде;
- 2) қарауылдағы қызметті атқарған кезде;
- 3) тәуліктік нарядты атқарған кезде;
- 4) далалық шығуларға (теңізге шығуларға) қатысқан кезде;
- 5) орналасқан орындарда дауылға қарсы әзірлік кезіндегі іс-шараларды жүзеге асырған кезде;
- 6) маяктарда вахтада тұрған кезде;
- 7) суасты міндеттерін (жұмыстарын) орындаған кезде;
- 8) парашютпен секірген кезде;
- 9) әскери эшелондарға ілесіп жүрген кезде;
- 10) әскери-медициналық мекемелерде (ұйымдарда) стационарлық емделуде болған кезде;
- 11) гауптвахтада ұсталған кезде;
- 12) бітімгершілік операцияға қатысқан кезде, сондай-ақ бітімгершілік операция жүргізу аймағына (ауданына) бару және кері қайту кезінде тамақтандырумен қамтамасыз етіледі.

Ұшқыштар құрамының әскери қызметшілері әскери қызмет өткеру уақытында тамақтанумен қамтамасыз етіледі.

Авиациялық техникаға қызмет көрсетуге және ұшуларды қамтамасыз етуге рұқсат етілген инженерлік-техникалық құрам ұшуларды дайындау және орындау кезеңінде тамақтанумен қамтамасыз етіледі.

Әскери қызметшілер мемлекет есебінен қызметі бойынша ауысқан, әскери қызметтен шығарылған кезде, стационарлық емделуге барған және кері қайтқан кезде теміржол, әуе, су және автомобиль көлігімен жол жүруге, сондай-ақ қызметі бойынша ауысқан және әскери қызметтен шығарылған кезде он тоннаға дейін жеке мүлікті тасымалдауға құқылы.

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» ҚР Заңда көзделген жағдайларда әскери қызметшілерге Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлікте жол жүруге және пошта жөнелтілімдеріне арналған басқа да шығындар өтеледі [3].

Келісімшарт бойынша әскери қызметшілер қашықтығы 100 шақырымнан астам бір елді мекеннен басқасына қоныс аударуға байланысты қызмет бабымен ауысқан кезде (оның ішінде әскери бөлім немесе бөлімше құрамында) оларға әскери қызметшінің өзіне екі айлық ақшалай қаражат және онымен бірге қоныс аударған әрбір отбасы мүшесіне айлық ақшалай қаражаттың жартысы мөлшерінде көтерме жәрдемақысы төленеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. https://egov.kz/cms/kk/articles/military_service/benefits_for_military_personnel
2. «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі N 94 Заңы.
3. «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы N 561-IV Заңы.

МРНТИ 10.27.21

Кожухметова Айгүль Есеновна,
*к.ю.н., доцент Казахский агротехнический
университет им. С.Сейфуллина,
Республика Казахстан, Астана,
E-mail: aigul_kozhahmetova@mail.ru*

КОМПАРАТИВНО– ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ВНУТРЕННЕЙ МИГРАЦИИ РОССИИ И КАЗАХСТАНА

Аннотация. В данной статье проанализированы внутренние миграционные циклы народонаселения в Российской Федерации и Республики Казахстан. Обобщены причины и последствия трудовой миграции. Внутренняя миграция в России – территориальная изменчивость граждан в пределах Российского государства, определенная, как правило влиянием разнообразных факторов – религиозных, культурных, экологических, природных, социально-экономических, политических особенностей хозяйственного и исторического развития отдельных областей и регионов страны.

Ключевые слова: внутренняя миграция, квалифицированные кадры, миграция, внешняя миграция, социальная инфраструктура, трудовая миграция.

Андатпа. Бұл мақалада Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасындағы халықтың ішкі көші-қон циклдері талданады. Еңбек көші-қонының себептері мен салдары жинақталған. Ресейдегі ішкі көші-қон - бұл, әдетте, әр түрлі факторлардың - жеке адамның экономикалық және тарихи дамуының діни, мәдени, экологиялық, табиғи, әлеуметтік-экономикалық, саяси ерекшеліктерінің әсерімен анықталатын Ресей мемлекетіндегі азаматтардың аумақтық өзгермелілігі болып табылатындығы айтылған.

Кілтті сөздер: ішкі көші-қон, білікті кадрлар, көші-қон, сыртқы көші-қон, әлеуметтік инфрақұрылым, еңбек миграциясы.

Annotation. This article analyzes the internal migration cycles of the population in the Russian Federation and the Republic of Kazakhstan. The causes and consequences of labor

migration are summarized. Internal migration in Russia is the territorial variability of citizens within the Russian state, determined, as a rule, by the influence of various factors - religious, cultural, environmental, natural, socio-economic, political features of the economic and historical development of individual regions and regions of the country.

Key words: internal migration, qualified personnel, migration, external migration, social infrastructure, labor migration.

Внутренняя миграция отличается от внешней целым комплексом особенностей: внутренние потоки сохраняют большую степень сезонности. Внутреннюю миграцию в России можно классифицировать на два потока: внутрирегиональную и межрегиональную. Внутренние мигранты более избирательны чем внешние мигранты. Естественно распад СССР сказался на внутренней миграции, человек всегда хочет стабильности и определенности.

На сегодняшний день картина следующего характера: порядка 4-х миллионов российских граждан ежегодно меняют прописку. Люди едут в столицу и другие крупные города за заработком, покидая депрессивные регионы. Страдают не только территориальные подразделения из которых переселяются экономически активные граждане, но и те, в которые они переселяются. Сегодняшние внутренние миграционные процессы, по мнению экспертов губительны для всего государства (России). К сожалению темпы внутренней миграции в России удвоились, половина переселенцев перемещается внутри своего региона, чаще всего из села в город. Вторая часть перебирается в другой регион, меняя жизнь более кардинально. Скорей всего массовое убывание граждан из слаборазвитых регионов ведет к дальнейшему обострению в них экономических, социальных проблем и расширяет депрессивные территории. Получается, в результате 50% народонаселения Российской Федерации оказались в регионах, с определенными проблемами хронического упадка экономики. Конечно, больше всего внутренних мигрантов притягивает Москва, Санкт-Петербург. За чем едут в Москву, заклиная как «Чеховские три сестры» – «в Москву – в Москву». Конечно за карьерой, достойной оплатой труда, хорошим образованием. Если мигрант выбирает Краснодарский край, видимо теплый климат и близость курортов сыграли свою важную роль. У каждого мигранта свои мотивы и доводы. Также привлекательны Московская и Ленинградская области, Калининградская область, Новосибирская и другие. Для города в который прибывают внутренние мигранты, есть серьезный шанс стать «Миллионщиком», а это значит вероятность получить побольше помощь из федерального бюджета. [1;12]

Теперь о поставщиках внутренних мигрантов в другие регионы России, самый массовый отток народонаселения примечателен для Северного Кавказа, далее Поволжье, Сибирь и Дальний Восток. Миграция, конечно обусловлена экономическими причинами. На Северном Кавказе самые низкие заработные платы, самый высокий уровень безработицы в России. Чему тут удивляться, большинство внутренних мигрантов с Поволжья едут в центральный округ. Новосибирская область это интересный пример, сюда прибывает больше людей, чем уезжает. Хотя в области низкие зарплаты, но видимо тот факт что в Новосибирске порядка 40 вузов, что привлекает в город молодых людей со всей Сибири. [2;175]

В настоящее время в Российской Федерации наблюдается следующая тенденция – переезд (граждан) жителей, Дальнего Востока и Сибири в центральную часть страны а также массовый переезд из «северных регионов». Основные факторы, влияющие на миграцию народонаселения внутри страны следующего характера:

- экономические (районы с более высоким уровнем заработной платы всегда привлекателен для людей)
- социальные (наличие исторических и родственных связей)
- природно-климатические (люди стремятся жить в регионе с более теплым и комфортным для жизни климатом).

Если иметь дело с официальной статистикой, то масштабы внутренней миграции в России находятся на уровне около 4000000 человек в год. [3; 2]

На данный момент Россия уверенно встала на путь важнейших экономических преобразований, основная задача – сгладить межрегиональные различия в качестве и уровне жизни народонаселения. Решить эту задачу, можно только в случае ликвидации различных преград, как административных, так и социальных. Если данных преград, стоящих на пути внутренней миграции народонаселения не будет, вследствие эффективной реализации миграционной политики, начнется грамотное перераспределение трудового потенциала России. Каждый житель должен найти применение своим способностям, хорошо работать, и самое главное, иметь для этого все возможности.

На этапе развития экономики Казахстана, как и России наиболее острым вопросом является проблема трудовой миграции. Для того чтобы экономика отдельного района, а в целом и государства продолжала свою развитие, важно грамотное и четкое перераспределение трудовых ресурсов, обеспечивающих приток специалистов для регионов и отраслей, где отсутствует возможность народонаселения осуществлять свою трудовую деятельность. Именно политкорректная и адекватная миграционная политика может решить многие проблемы. И еще одна сторона медали вопроса трудовой миграции.

В будущем, Россию может ожидать кризис в сфере демографии, несмотря на статистику, рождают сейчас мало, к сожалению число умерших превышает число родившихся. Население будет быстро уменьшаться, и как следствие, будет уменьшаться человеческий капитал. Внутренней миграционной политике надо учитывать это обстоятельство и другие. В частности:

- низкая территориальная мобильность народонаселения;
- низкий уровень дохода народонаселения
- высокая стоимость жилья по договору найма (аренды)
- отсутствие развитой инфраструктуры (Связывающей Сибирь и Дальний Восток с центром России) [4;7]

Процесс внутренней миграции в России прямо пропорционален уровню занятости и безработицы. На самом деле получается, что экономически активная часть народонаселения стремится переехать в те районы, где уровень безработицы минимален, а также уровень дохода значительно превосходит, имеющийся в регионе отбытия. Вот для того чтобы не было дисбаланса в человеческом капитале, для сглаживания острых углов, решения проблем в данной сфере, должны поэтапно решаться поставленные государством задачи в миграционной области.[5]

Для того, чтобы трудовые мигранты переезжающие в другой регион могли хорошо и эффективно работать, необходимо жилье. Конечно, за один день это все не решится. Но, надо отметить положительные моменты есть, например, Государственная программа РФ «Обеспечение доступным и комфортным жильем и коммунальными услугами граждан РФ».

Основная цель внутренних мигрантов обеспечение работой с целью заработка. В каждой стране есть свои проблемы.

У России и Казахстана много общего в сфере внутренней миграции. Внутренняя миграция – перемещение народонаселения по территории страны. Внутренняя миграция может быть добровольной, вынужденной и насильственной. Россия на своем пути исторического развития характеризуется, самыми активными в мире миграционными процессами. Проблемы внутренней миграции народонаселения и социально-экономического положения мигрантов в Казахстане актуальны как никогда. Ежегодно в состоянии более активной подвижности находятся около 300 тысяч казахстанцев, для 18 миллионного Казахстана это значимая цифра. Внутренняя миграция народонаселения Казахстана – это закономерный процесс, определенный целым рядом нерешенных проблем в социальном и экономическом развитии регионов страны. Основные причины внутренней миграции в Казахстане:

- Упадок сельского хозяйства и сельских регионов
- Неблагополучная социально-экономическая ситуация
- Отсутствие работы
- Отдаленность от города
- Отсутствие соответствующей инфраструктуры населенного пункта.

Основные факторы внутренней миграции – экономические и социальные. Остановить, к сожалению внутреннюю миграцию в Казахстане, как процесс невозможно. Инерция процесса внутренней миграции будет сохранена, так как она экономически обоснована. 43% народонаселения Казахстана проживает в сельских регионах, и в тоже время экономическая инфраструктура самого села разрушена. Государственные программы, в Казахстане, в основном направлены на решение вопросов внешней миграции. Внутреннее перемещение народонаселения в большой мере приобретает не всегда системный характер, и нуждается в государственном регулировании.

В Казахстане необходимо разработать и принять нормативно – правовую базу направленную на улучшение социально-экономического положения сельских регионов Казахстана. Люди стремятся сменить среду обитания, получить доступ к различным ресурсам, заработать, приобрести жилье и др. К сожалению в Казахстане миграционные потоки пока неуправляемы, необходимо принять новый закон «О внутренней миграции народонаселения» В ближайшее время доля городского народонаселения в Казахстане будет возрастать за счет внутренней миграции из села в город. Казахстан и Россию очень много объединяет, в частности многонациональность граждан. Изучение миграционных процессов имеет большой интерес для выявления закономерностей национального развития, которые требует новых подходов.

Образование и развитие миграционных процессов в России и в Казахстане происходит под влиянием различных следственно – причинных связей, обусловленных специфической трансформацией трудового потенциала в рыночных условиях хозяйствования – национальными, экономическими и политическими мотивами.

Казахстану необходимо проделать большую работу по выравниванию условий проживания в разных регионах. Из года в год увеличивается внутренняя миграция. Причины известны давно:

- урбанизация
 - переселение рабочей силы в центр экономического роста, в столицу и областные центры.
- [6]

Значительную часть внутренних мигрантов составляет молодежь. Необходимо в Казахстане усовершенствовать законодательство и упростить процедуру регистрации внутренних мигрантов, развивать специальные предложения финансовых услуг для групп народонаселения с низким уровнем дохода, с тем чтобы повысить уровень охвата граждан банковскими услугами, также развивать услуги для адаптации и интеграции внутренних мигрантов.

Проблемы внутренней миграции в России и в Казахстане, это объективная реальность, которая оказывает воздействие на все стороны жизни сообщества и страны.

Использованная литература:

1. Жумасултанов Т. Население Казахстана: динамика демографии //Мысль. – 2012, №2
2. Бурда М.А., Герасимова И.В, Политика России в сфере внешней трудовой миграции: накопленный опыт и пути развития. М, 2016 – 166-176 с.
3. Жусупов А.С., Кенесов А.А. Внутренние мигранты и современный Казахстан / Вестник КАЗНУ, Алматы 2015 г. №2
4. Красинец Е.С., Тюрюканова Е.В. Нелегальная миграция в России. М, 2017.

5. Абсаттаров Р.Б. Актуальные проблемы миграции народонаселения / Вестник НПУ, Алматы 2017.
6. Закон О занятости народонаселения РК от 06.04.2016г.

МРНТИ 10.01.13

Кузбаев Данияр Жумагалиевич
магистр юриспруденции, старший преподаватель
кафедры государственно-правовых дисциплин,
Alikhan Bokeikhan University г.Семей
zhumagalyevich@mail.ru

КАЗАХСТАНСКИЙ ПАТРИОТИЗМ: ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Аннотация: статья посвящена патриотическому воспитанию в Казахстане: его сущности, целям, задачам, правовым аспектам и перспективам развития.

Ключевые слова: патриотизм, патриотическое воспитание, молодежь, Казахстан, идеология, культура.

Аннотация: Мақала Қазақстандағы патриоттық тәрбиеге арналған: оның мәні, мақсаттары, міндеттері, құқықтық аспектілері және даму перспективалары.

Түйінді сөздер: патриотизм, патриоттық тәрбие, жастар, Қазақстан, идеология, мәдениет.

Annotation: The article is devoted to patriotic education in Kazakhstan: its essence, goals, objectives, legal aspects and prospects for development.

Keywords: patriotism, patriotic education, youth, Kazakhstan, ideology, culture.

Патриотическое воспитание - это процесс формирования и развития у граждан любви к своей стране, своему народу и своей культуре, а также готовности к защите и поддержанию единства и суверенитета Республики Казахстан. Патриотическое воспитание имеет большое значение для обеспечения мира, стабильности, процветания и развития нашей страны.

В Казахстане существует несколько программ и проектов по развитию патриотического воспитания, которые реализуются на разных уровнях: государственном, региональном и общественном. Некоторые из них я перечислю ниже:

Государственная программа патриотического воспитания граждан до 2025 года[1.]. Эта программа была утверждена правительством Казахстана в 2019 году и предусматривает создание условий для молодежи по повышению их ответственности за судьбу страны, повышения уровня консолидации молодежных организаций для решения задач обеспечения национальной безопасности Республики Казахстан, укрепления чувства сопричастности граждан к истории и культуре Казахстана, обеспечения преемственности поколений казахстанцев, воспитания гражданина, любящего свою Родину, имеющего активную жизненную позицию.

Концепция военно-патриотического воспитания молодежи до 2030 года[2.]. Эта концепция была утверждена правительством Казахстана в 2023 году и предусматривает развитие научного и методического сопровождения системы военно-патриотического воспитания молодежи; совершенствование и развитие форм и методов работы по военно-патриотическому воспитанию с учетом динамично меняющейся ситуации, возрастных особенностей молодежи и необходимости активного межведомственного взаимодействия; развитие военно-патриотического воспитания граждан, укрепление престижа службы в вооруженных силах, других войсках и воинских формированиях Республики Казахстан; создание условий для развития волонтерского движения; информационное обеспечение.

Казахстанский патриотизм имеет правовые аспекты, такие как:

Соблюдение конституции Республики Казахстан, которая устанавливает основные принципы демократии, прав человека, свободы вероисповедания и языка.

Уважение к разнообразию народов и этносов Казахстана, которые образуют единую многонациональную страну.

Защита территориальной целостности и суверенитета Казахстана от внешних угроз и агрессии.

Стремление к интеграции в мировое сообщество на основе равноправия, сотрудничества и уважения.

Казахстанский патриотизм имеет перспективы развития в следующих направлениях:

Повышение информированности и культурного образования молодежи о значении патриотизма для будущего страны. Это направление направлено на формирование у молодежи гражданской позиции, уважения к истории и культуре своей родины, ответственности за ее развитие и безопасность. Для этого необходимо использовать разнообразные методы и формы образования, такие как учебные программы, экскурсии, конкурсы, фестивали, вебинары и т.д.[3.]

Развитие творческих способностей молодежи для создания новых форм выражения патриотического чувства и духовности. Это направление направлено на формирование у молодежи индивидуальности, самовыражения, креативности и творческого потенциала[4.с.243]. Для этого необходимо создавать условия для развития талантов молодых людей в различных сферах деятельности, таких как литература, музыка, живопись, фотография, видео и т.д. Также необходимо поддерживать интерес к научным исследованиям, инновациям и социальной ответственности[5.с.84]

Содействие социальной ответственности молодежи за решение проблем населения, таких как экономический рост, экологическая безопасность, здравоохранение и образование. Это направление направлено на формирование у молодежи социальной компетентности, эмпатии, солидарности и гуманизма. Для этого необходимо предоставлять молодежи возможность участия в процессах принятия решений по вопросам социальной жизни страны, а также оказывать им помощь в решении конкретных проблем своего окружения или себя самого. Также необходимо стимулировать молодежь к активному участию в благотворительных проектах или социальных движениях[6.].

Укрепление диалога между государством, обществом и молодежью по вопросам патриотического воспитания. Это направление направлено на формирование у молодежи доверия к государственным институтам и органам власти, а также к другим субъектам общества (представительства политических партий или движений). Для этого необходимо создавать условия для эффективной коммуникации между различными структурами общества по поводу патриотических ценностей и задач страны. Также необходимо проводить консультации с представителями молодежной деятельности по различным аспектам патриотического воспитания (цели, задачи, методы).

Казахстанский патриотизм играет важную роль в обеспечении национального единства и социальной стабильности. Правовые аспекты и перспективы казахстанского патриотизма являются важными элементами для обеспечения его продолжительности и развития в будущем.

Список использованной литературы

1. Патриотическое воспитание казахстанской молодежи: проблемы и перспективы <https://articlekz.com/article/10988>
2. Об утверждении Концепции военно-патриотического воспитания молодежи до 2030 года <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300001039>
3. Гражданская и политическая вовлеченность молодежи и глобальная гражданственность. Мартин Баррет почетный профессор психологии в Университете Суррея, Великобритания. <https://www.un.org/ru/chronicle/article/21743>

4. Шульженко, М. Э. Патриотическое воспитание современной молодежи / М. Э. Шульженко. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2017. — № 47 (181). — С. 240-243. — URL: <https://moluch.ru/archive/181/46664/>

5. Современные методы осуществления диалога между государством и обществом. Савченко Ирина Алексеевна Московский городской психолого-педагогический университет https://psyjournals.ru/nonserialpublications/social_economical_psychological/contents/social_economical_psychological_63144.pdf

6. Насколько изменилась молодежная политика в Казахстане в 2023 году Читайте больше: <https://www.nur.kz/society/2047597-naskolko-izmenilas-molodezhnaya-politika-v-kazahstane-v-2023-godu/>

ӘОЖ 342.7

Маликов Жандос Анарбекұлы,
полиция капитаны,
заң ғылымдарының магистрі,
ҚР ПМ Б.Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясы
жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру
факультетінің докторанты
malikov-zhandos@mail.ru

ҚАУІПСІЗ ЦИФРЛЫҚ ОРТА ҚҰРУ – БАЛАЛАРДЫҢ ДАМУЫ МЕН ҚОРҒАЛУЫНЫҢ ТИІМДІ ТЕТІГІ РЕТІНДЕ

Аннотация. Қазіргі таңдағы цифрлық технологиялардың басым қарқынмен дамуы балалардың өмірі мен болашағы үшін өте маңызды екенін көрсетіп отыр. Соңғы уақыттарда цифрлық орта ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, соның ішінде цифрлық желілерді, түрлі мазмұндардағы қызметтер мен қосымшаларды, виртуалды түрдегі шынайы өмірді, жасанды интеллектті, робототехниканы, автоматтандырылған жүйелерді, алгоритмдерді және деректерді талдауды, тіпті биометрия мен имплантация технологиясын да қамти отыра үнемі дамып, кеңейіп келеді.

Осы зерттеу жұмысының жалпы мақсаты мемлекеттің бала құқықтарын қорғау бағытында қолданылатын нормативтік-құқықтық актілер базасын цифрлық ортаға қатысты қалай жүзеге асыруы керектігін түсіндіреді және олардың сол заңнамалар бойынша өз міндеттемелерін көтермелеуге, сақтауға байланысты мүмкіндіктер, тәуекелдер мен сын-тегеуріндер тұрғысынан олардың толық сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі тиісті заңнамалық, саяси және басқа шараларға қатысты басшылық нұсқаулар береді, цифрлық ортада балалардың барлық құқықтарын қорғау және жүзеге асыру болып табылады.

Түйін сөздер: бала құқықтары, цифрлық орта, зиянды контент, мемлекет, провайдер

Аннотация. Преобладающими темпами развитие современных цифровых технологий показывает, что они очень важны для жизни и будущего детей. В последнее время цифровая среда постоянно развивается и расширяется, охватывая информационно-коммуникационные технологии, включая цифровые сети, услуги и приложения различного контента, виртуальную жизнь, искусственный интеллект, робототехнику, автоматизированные системы, алгоритмы и анализ данных и даже технологии биометрии и имплантации.

Общая цель настоящей исследовательской работы объясняет, как государство должно осуществлять базу нормативно-правовых актов, применяемых в направлении защиты прав ребенка, в отношении цифровой среды, и дает руководящие указания относительно

соответствующих законодательных, политических и других мер по обеспечению их полного соблюдения с точки зрения возможностей, рисков и вызовов, связанных с поощрением, соблюдением своих обязательств по этим законам, защита и реализация всех прав детей в цифровой среде.

Ключевые слова: права ребенка, цифровая среда, вредоносный контент, государство, провайдер

Annotation. The prevailing pace of development of modern digital technologies shows that they are very important for the life and future of children. Recently, the digital environment has been constantly developing and expanding, covering information and communication technologies, including digital networks, services and applications of various content, virtual life, artificial intelligence, robotics, automated systems, algorithms and data analysis, and even biometrics and implantation technologies.

The overall purpose of this research paper explains how the State should implement the framework of normative legal acts applied in the direction of protecting the rights of the child in relation to the digital environment, and provides guidance on appropriate legislative, policy and other measures to ensure their full compliance in terms of opportunities, risks and challenges associated with the promotion, observance their obligations under these laws, the protection and realization of all children's rights in the digital environment.

Keywords: children's rights, digital environment, malicious content, government, provider

Зерттеу жұмысының жалпы принциптері ретінде заңнамалар жүйесінде көзделген барлық басқа құқықтарды жүзеге асыруды қарастыру керек призманың бір түрі ретінде қызмет ететін қағидалар көрсетілетін болады. Оларды цифрлық ортаға байланысты балалардың құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды айқындау кезінде басшылыққа алу керек. Цифрлық ортада әр баланың құқықтарын сақтау, қорғау және жүзеге асыру қажет. Цифрлық технологиялар саласындағы инновациялар балалардың өміріне және олардың құқықтарына балалардың өздері Интернетке қол жеткізе алмайтын жағдайларда да кең ауқымды және өзара тәуелді әсер етеді. Сандық технологияларға толық қол жетімділік балаларға олардың азаматтық, саяси, мәдени, экономикалық және әлеуметтік құқықтарының дерлік барлық спектрін жүзеге асыруға көмектеседі. Алайда, егер цифрлық технологиялар жалпыға қол жетімді болмаса, теңсіздіктің қолданыстағы формаларын күшейту ықтималдығы жоғары және оның жаңа формалары пайда болуы мүмкін. Цифрлық орта балалар өмірінің көптеген аспектілерінде, соның ішінде дағдарыс кезеңінде де маңызды бола түсуде, өйткені білім беру, мемлекеттік қызметтер және бизнестік ортаны қоса алғанда, қоғамдық функциялар цифрлық технологияларға көбірек сүйенеді. Бұл балалардың құқықтарын жүзеге асырудың жаңа мүмкіндіктерін ашады, бірақ сонымен бірге оларды бұзу немесе кемсіту қаупін тудырады. Осы зерттеу жұмысын жүргізу барысында жүргізілген консультациялар барысында балалар "біз Үкіметтің, технологиялық компаниялардың және мұғалімдер мен тәртіп сақшыларының Интернеттегі дұрыс емес ақпаратты бақылауға көмектескенін қалаймыз" – дей отыра, цифрлық ортамен байланыста олардың қауіпсіз және тең қатысуын қолдауы, көтермелеуі және қорғауы керек деген пікір білдірді [1, 1-2 беттер].

Баланың ең жақсы мүдделері - бұл белгілі бір контекстке сәйкес бағалауды қажет ететін дамып келе жатқан тұжырымдама. Бастапқыда цифрлық орта балаларға арналмаған, бірақ бұл олардың өмірінде маңызды рөл атқарады. Мемлекет цифрлық ортаны құруға, реттеуге, жобалауға және пайдалануға және оны басқаруға қатысты кез келген қызметте әрбір баланың ең жақсы мүдделеріне басымдық берілуін қамтамасыз етуі тиіс.

Жоғарыда тоқталып кеткен заңнамалар жүйесінде көзделген барлық басқа құқықтарды жүзеге асыруды қарастыру керек призманың бір түрі ретінде қызмет ететін қағидалар легімен таныстырып өтейік.

1. Кемсітпеу құқығы балалар құқығын қорғауға ат салысатын инстанциялар өкілдерінен барлық балаларға цифрлық ортаға тең, тиімді және нақты қол жеткізуді

қамтамасыз етуді талап етеді. Мемлекет тарапынан цифрлық эксклюзияны еңсеру үшін барлық қажетті шаралар қабылдануы тиіс [2, 34-38 беттер]. Бұл арнайы қоғамдық орындарда балаларға тегін және қауіпсіз қол жетімділікті қамтамасыз етуді және барлық балалардың цифрлық технологияларға арзан қол жетімділігін және оларды білім беру мекемелерінде, қауымдастықтарда және үйде сауатты пайдалануды қамтамасыз ететін стратегиялар мен бағдарламаларды инвестициялауды қамтиды. Балалар цифрлық технологиялар мен қызметтерді пайдалану мүмкіндігінен айырылғандықтан немесе жеккөрінішті мәлімдемелері бар хабарламалар алғандықтан немесе осы технологияларды пайдаланған кезде оларға әділетсіз қаралғандықтан кемсітуге ұшырауы мүмкін. Дискриминацияның басқа түрлері ақпаратты сүзуге, профильдеуге немесе шешім қабылдауға әкелетін автоматтандырылған процестер бала туралы біржақты, ішінара немесе заңсыз алынған деректерге негізделген жағдайда пайда болуы мүмкін. Кәметке толмағандарға қатысты сырттан келетін теріс әсерлердің басым көпшілігі ғаламтор еншісінде. Басқаша айтқанда,

балалар құрбан болатын тараптардың жоғарылау санатына ие [3, 236-бет]. Жалпы біз, полиция өкілдері ретінде барша азаматтарды балаларға қатысты жынысына, мүгедектігіне, әлеуметтік-экономикалық жағдайына, этникалық немесе ұлттық тегіне, тіліне немесе кез келген басқа белгілеріне байланысты кемсітушіліктің, сондай-ақ аз қамтылған және қандас отбасылардың балаларына, пана іздеуші балаларға, босқын балаларға және мигрант балаларға қатысты кемсітушілікке (дискриминацияға) жол бермеу шараларын ұстануға шақырамыз. Бүгінгі таңда біздің қоғамда адам саудасының немесе жыныстық қанаудың құрбандары болған балалар, баламалы күтім мекемелеріндегі түрлі зорлық-зомбылық көрген балалар, бас бостандығынан айырылған балалар және осал жағдайдағы балалардың басқа топтарына жататын балалар да кездесіп жатады. Сонымен қатар қыз балалардың мүддесі үшін гендерлік теңдікке байланысты цифрлық алшақтықты жою және қолжетімділік, цифрлық сауаттылық, жеке өмірге қол сұғылмаушылық және онлайн қауіпсіздік сияқты аспектілерге ерекше назар аударуды қамтамасыз ету үшін нақты шаралар қажет болып отыр. Мемлекет мұндай қызметке балалардың құқықтарының сақталуын қадағалауды жүзеге асыратын ұлттық және жергілікті органдарды тартуы тиіс. Баланың ең жақсы мүдделері туралы мәселені қарау кезінде олар балалардың барлық құқықтарын, соның ішінде олардың ақпаратты іздеу, алу және беру, зиян келтіруден қорғалу және олардың пікірлерін тиісті түрде есепке алу құқығын ескеруі керек, сондай-ақ баланың ең жақсы мүдделері мен қолданылатын критерийлерді бағалаудың ашықтығын қамтамасыз етуі керек [4, 412-423 беттер].

2. Өмір сүру құқығы. Тіршілік ету және даму.

Цифрлық орта ұсынатын мүмкіндіктер балалардың дамуында барған сайын маңызды рөл атқарады және олардың өмір сүруі үшін, әсіресе дағдарыс жағдайында маңызды болуы мүмкін. Уәкілетті орган балаларды өмір сүру, тіршілік ету және даму құқығын бұзу қаупінен қорғау үшін барлық қажетті шараларды қабылдауы керек. Бұл жерде әңгіме түрлі контенттермен, байланыстармен, мінез-құлықпен және келісімшарттармен байланысты тәуекелдер, сонымен қатар, зорлық-зомбылық пен жыныстық сипаттағы материалдарға, киберагрессия мен қудалауға, құмар ойындарға, қанау мен зорлық-зомбылыққа, оның ішінде жыныстық қатынасқа қатысты, сондай-ақ өз-өзіне қол жұмсауды немесе өмірге қауіп төндіретін әрекеттерді ынталандыру немесе оларды қозғау, соның ішінде террористік және экстремистік ұйымдардың тізіміне енгізілген қылмыскерлер немесе қарулы топтар тарапынан орын алатын қылмыстық әрекет немесе әрекетсіздіктер жайында болып отыр [5, 52-55 беттер]. Мемлекет әртүрлі контексттерде туындайтын балалар үшін жаңа тәуекелдерді анықтап, соның ішінде олар кездесетін нақты тәуекелдердің сипаты туралы құрбандардың пікірлерін тыңдау арқылы жоюы керек.

Сандық құрылғыларды пайдалану зиян тигізбеуі керек, сонымен қатар балалардың немесе мұғалімдер мен оқытушылардың, ата-аналардың немесе бала күтушілерінің жеке қарым-қатынасын алмастырмауы керек. Мемлекеттік органдар болсын, мейлі квазимемлекеттік сектор өкілдері болсын баланың өмірінің алғашқы жылдарындағы

технологиялардың әсеріне ерекше назар аударуы керек, бұл кезде мидың икемділігі максималды болады, ал әлеуметтік орта, атап айтқанда ата-аналармен және бала күтімімен қарым-қатынас олардың когнитивті, эмоционалды және әлеуметтік дамуы үшін өте маңызды. Ата-аналарға, бала күтушілеріне, педагогтарға және басқа да тиісті субъектілерге дайындықты ұйымдастырып, оларға цифрлық технологиялардың балалардың дамуына, әсіресе жас балалар мен жасөспірімдердегі неврологиялық дамудың сыни кезеңдерінде әсерін зерттеу нәтижелерін ескере отырып, цифрлық құрылғыларды тиісінше пайдалану жөнінде ұсыныстар беру керек [5, 58-60 беттер].

3. Баланың пікірін құрметтеу құқығы.

Балалар цифрлық орта оларға өздеріне қатысты мәселелер бойынша пікірлерін тыңдау үшін маңызды мүмкіндіктер беретінін жақсы түсінеді. Цифрлық технологияларды пайдалану балалардың жергілікті, ұлттық және халықаралық деңгейде қатысуын қамтамасыз етуге ықпал етуі мүмкін. Мемлекет тарапынан балалардың өз пікірін білдірудің цифрлық құралдары туралы хабардарлығын арттыруға және оларға қол жеткізуді қамтамасыз етуге жәрдемдесуі, сондай-ақ балаларға дайындықты ұйымдастыруы және олардың қатысуы үшін ересектермен тең, қажет болған жағдайда жасырын түрде қолдау көрсетілуі керек, осылайша олар өз құқықтарын жеке де, топ ретінде де тиімді қорғай алады. Цифрлық ортаға байланысты балалардың құқықтары мәселелері бойынша заңнаманы, стратегияларды, бағдарламаларды, қызметтерді және оқу курстарын әзірлеу кезінде тиісті мемлекеттік органдар барлық балаларды тартуы, олардың қажеттіліктерін тыңдауы және олардың пікірлерін мұқият ескеруі тиіс. Олар цифрлық қызмет провайдерлерінің балалармен белсенді қарым-қатынасын қамтамасыз етуі керек, тиісті кепілдіктермен және олардың өнімдер мен қызметтерді әзірлеу кезінде балалардың пікірлерін дұрыс ескеруі керек.

Сондай-ақ уәкілетті органдарға балалармен тиісті заңнамалық, әкімшілік және басқа да шаралар мәселелері бойынша консультациялар жүргізу үшін цифрлық ортаны пайдалану ұсынылады және олардың пікірлеріне елеулі көңіл бөлінуін және балалардың қатысуы олардың жеке өмірге қол сұғылмаушылық, ой мен сенім бостандығы құқығын бұзатын деректерді тиісінше бақылауға немесе жинауға әкеп соқпауын қамтамасыз ету ұсынылады. Олар кеңес беру процестеріне технологияға қол жеткізе алмайтын немесе оларды пайдалану дағдылары жоқ балаларды қамтуы керек.

Дамушы қабілеттер.

Баланың дамып келе жатқан қабілеттерін балалар біртіндеп кәсіби білім, заттардың мәнін түсіну және іс-әрекет қабілеттілігін алатын процесті көздейтін құқық қалыптастырушы қағидат ретінде құрметтеу керек. Бұл процесс цифрлық ортада ерекше маңызға ие, мұнда балалар ата-аналары мен қамқоршыларының қадағалауы тұрғысынан тәуелсіз қатыса алады. Балалардың цифрлық ортаға қатысуымен байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктер олардың жасына және даму кезеңіне байланысты өзгереді. Осы ортада балаларды қорғау немесе оларға қол жеткізуді жеңілдету жөніндегі шараларды әзірлеген сайын осы ойлар басшылыққа алынуы керек. Жасты ескеретін шараларды әзірлеу кезінде бірқатар пәндер бойынша ең жақсы және заманауи зерттеулерге сүйену керек. Мемлекеттердің ата-аналарға және бала күтімін жүзеге асыратын адамдарға балаларды тәрбиелеу жөніндегі өз міндеттерін орындауда тиісті көмек көрсету міндетіне сәйкес мемлекеттер ата-аналар мен қамқоршылардың балалардың өсіп келе жатқан дербестігін, олардың дамып келе жатқан қабілеттерін және балалардың жеке өміріне қол сұғылмаушылығын құрметтеу қажеттігі туралы хабардар болуына жәрдемдесуі тиіс. Олар ата-аналар мен бала күтушілеріне цифрлық сауаттылықты меңгеруге және балаларға қауіп-қатер туралы хабардар болуға қолдау көрсетуі керек, осылайша олар балаларға цифрлық ортаға, соның ішінде қорғау құқығына байланысты өз құқықтарын жүзеге асыруға көмектесе алады. Балалардың құқықтарын іске асыру және оларды цифрлық ортада қорғау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін сақтық шараларын қоса алғанда, заңнамалық, әкімшілік және өзге де шаралардың кең ауқымы талап етіледі.

Заңнама.

БҰҰ-ға мүше болып табылатын мемлекет цифрлық ортаның Бала құқықтары туралы Конвенцияда және оған факультативтік хаттамаларда бекітілген құқықтармен үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкес ұлттық заңнаманы қайта қарауы, қабылдауы және жаңартуы тиіс. Заңнама техникалық прогресс пен тәжірибенің жаңа түрлері тұрғысынан өзекті болып қалуы керек. Олар бюджет қаражатын бөлу және цифрлық ортаға қатысты басқа да әкімшілік шешімдер қабылдау кезінде заңнамадағы балалардың құқықтарын есепке алу үшін балалардың құқықтарына әсер етуді бағалауды міндетті түрде пайдалануды, сондай-ақ оларды цифрлық ортаға қатысы бар мемлекеттік органдар мен кәсіпорындардың қолдануына жәрдемдесуді көздеуі тиіс.

Дамушы мемлекет балалардың құқықтарына қатысты ұлттық стратегиялардың цифрлық орта мәселелерін нақты қозғауын және тиісті нормативтік актілерді, салалық кодекстерді, жобалау-конструкторлық стандарттарды және үнемі бағаланып, жаңартылып отыруы тиіс іс-қимыл жоспарларын орындауын қамтамасыз етуі тиіс. Мұндай ұлттық стратегиялар балаларға цифрлық ортаның артықшылықтарын пайдалануға және оларға қауіпсіз қол жеткізуге мүмкіндік беруге бағытталуы керек. Интернеттегі балаларды қорғау ұлттық балаларды қорғау саясатына біріктірілуі керек. Мемлекет балаларды қауіп-қатерден, соның ішінде балаларды киберагрессиядан және жыныстық қанаудан және цифрлық технологияларды пайдалана отырып және Интернетте жыныстық зорлық-зомбылықтан қорғау бойынша шараларды жүзеге асыруы, осындай қылмыстарды тергеуді қамтамасыз етуі және зардап шеккен балаларға құқықтық қорғау құралдары мен қолдау көрсетуі тиіс.

Интернеттегі балаларды қорғаудың тиімді тетіктерінің және балалардың басқа да құқықтарын сақтай отырып, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тиісті стратегияларының жұмыс істеуі қамтамасыз етілуі тиіс, балалар цифрлық ортаға барлық жерде, соның ішінде үй, оқу орындары, интернет-кафелер, жастар орталықтары, кітапханалар, сондай-ақ медициналық мекемелер мен баламалы күтім мекемелерінде де қол жеткізе алуы міндетті түрде қажет.

Пайдаланылған материалдар тізімі:

1. БҰҰ Бала құқықтары Комитетінің Цифрлық ортаға байланысты балалардың құқықтары туралы № 25 (2021) жалпы тәртіптегі ескертуі;
2. БҰҰ Бала құқықтары Комитетінің Жалпы тәртіп туралы ескертуі № 9 (2006);
3. ЗАЩИТА ПРАВ И СВОБОД НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ В ЦИФРОВОМ ПРОСТРАНСТВЕ С.М. Миронова, С.С. Симонова Волгоградский институт управления — филиал Российской академии народного хозяйства и государственной службы, г. Волгоград, Российская Федерация;
4. Tomazic T. Ongoing Criminal Activities in Cyberspace: From the Protection of Minors to the Deep Web / T. Tomazic, N. Vilela // *Revija za Kriminalistiko in Kriminologijo*. — 2017;
5. Drăgan A.T. Child Pornography and Child Abuse in Cyberspace / A.T. Drăgan // *Journal of Legal Studies*. — 2018. — Vol. 21, iss. 35. — P. 52–60.

МРНТИ 10.23.43

Усенбаева Асемгуль Узакбаевна
заң ғылымдары магистры, аға оқытушы
Еуразия технологиялық университеті,
usenbaeva2013@mail.ru

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ҚОРҒАУ
САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАСЫНЫҢ БҰЗЫЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Аңдатпа: Мақалада Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылуы туралы мәліметтер, оларды тергеп-тексеру, заңнамасының бұзылу белгілері, Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылу белгілерін анықтауы; заңнамасының бұзылуын тергеп-тексеруге қатысатын тұлғалар нақты деректер ұсынуға және олардың анықтығын дәлелдеу мәселелері қамтылған.

Кілтті сөздер: бәсеке; монополия; инфрақұрылым; нарық; куә; сарапшы.

Аннотация: Статья содержит сведения о нарушениях законодательства Республики Казахстан в области защиты конкуренции, их расследование, признаки нарушения законодательства Республики Казахстан, выявление признаков нарушения законодательства Республики Казахстан в области защиты конкуренции; вопросы представления фактических данных и доказательства их достоверности лицами, участвующими в расследовании нарушений законодательства.

Ключевые слова: конкуренция; монополия; инфраструктура; рынок; свидетель; эксперт.

Abstract: The article contains information on violations of the legislation of the Republic of Kazakhstan in the field of competition protection, their investigation, signs of violation of the legislation of the Republic of Kazakhstan, identification of signs of violation of the legislation of the Republic of Kazakhstan in the field of competition protection; issues of presentation of factual data and evidence of their reliability by persons involved in the investigation of violations of legislation.

Keywords: competition; monopoly; infrastructure; market; witness; expert.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев адал бәсеке еліміздің жаңа экономикалық бағдарының негізгі болатын басты қағидаттардың бірі екенін атап өтті. Сондықтан бәсекелестіктің ұзақ мерзімді жаңа саясатын жасаудың маңызы зор [1. 36].

Премьер-Министр бәсекелестікті дамыту биржалық сауда құралдарын тарату және негізгі инфрақұрылымдық қуаттарға қол жеткізу шарттарын кеңейту арқылы жүзеге асырылуы тиіс екенін атап өтті. Үкімет басшысы мемлекеттік және жеке операторлардың түрлі салалардағы қызметін реттеу нормаларын қайта қарау қажеттігін атап өтті. Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне бәсекелестікті дамыту мәселелері жөніндегі заң жобасын Парламентке енгізуді қамтамасыз ету тапсырылды.

2023 жылғы 1 наурызда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев "Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің кейбір мәселелері туралы" жарлыққа қол қойды. Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің функциялары мен құрылымына өзгерістер енгізді.

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің атқаратын қызмет жаңа бағыттармен толықтырылды, яғни атап кететін болсақ, бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу қажет. Халықаралық шарттарға сәйкес Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы мемлекеттердің монополияға қарсы органдарымен өзара іс-қимылды, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес хабарламалар, ақпарат беру туралы сұрау салулар жіберу, консультациялар жүргізу, тергеп-тексеру туралы хабардар ету жолымен жүзеге асыру.

Самұрық-Қазына ұлттық әл-ауқат қоры және Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілетін қор ұйымдары өткізетін сатып алуды жүзеге асыру тәртібін келісу; азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекітетін инфрақұрылымдық алымдарды есептеу әдістемесін келісу болып табылады. Мемлекеттік басқарудың тиісті саласының жүзеге асыратын мемлекеттік орган бекітетін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндірумен технологиялық байланысты қызмет түрлерінің тізбесімен келісу қажет. Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасында

көзделген жағдайларда нарық субъектілерін мемлекеттік тіркеуге, қайта тіркеуге, сондай-ақ жылжымайтын мүлікке құқықтарға келісім беру көзделген.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің республикалық жобасына бизнес-жоспарды, республикалық мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын, мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің республикалық жобасының конкурстық (аукциондық) құжаттамасын, оның ішінде оларға бәсекелестікті қорғау саласына қатысты бөлігінде өзгерістер және толықтырулар енгізілген кезде келісу жеке әріптестердің мемлекеттік функцияларды іске асыруын қамтамасыз етуді көздейтін жобалар бойынша монополистік қызметті шектеу; өтініш берушілердің жүйелік проблемаларды талдау және анықтау қажеттілігі туындайды.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексінің 20-тарауы Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылуын анықтауға арналған. Заңның 216-223 баптар аралығында осы мәселелер қамтылған.

Монополияға қарсы орган өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылуын тергеп-тексереді және тергеп-тексеру нәтижелері бойынша шешім қабылдайды. Тергеп-тексеру деп монополияға қарсы органның Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтың жасалғанын растайтын немесе жоққа шығаратын нақты деректерді Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексте көзделген тәртіппен жинауға бағытталған іс-шаралары түсініледі.

Монополияға қарсы органға Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылуы туралы мәліметтердің келіп түсуі тергеп-тексеруді бастау үшін негіз болып табылады, олар: Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылуы немесе оның белгілері көрсетіле отырып, мемлекеттік органдардан келіп түскен материалдар; Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылу белгілерін көрсететін жеке және заңды тұлғаның өтініші; монополияға қарсы органның өз қызметін жүзеге асыруы кезінде нарық субъектісінің, мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың әрекеттерінен Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылу белгілерін анықтауы; монополияға қарсы органға келіп түскен, Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылу белгілерінің бар екендігі туралы бұқаралық ақпарат құралдарының хабарлары; нарық субъектісінің, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымның әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзу белгілерінің бар екендігі туралы монополияға қарсы органның хабарламасын нарық субъектісінің, мемлекеттік органның, жергілікті атқарушы органның, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымның белгіленген мерзімде орындамауы болып табылады.

Тергеп-тексерудің басталуы тергеп-тексеруді жүргізу туралы бұйрықпен ресімделеді. Әрекеттерінде картель белгілері қарастырылатын тергеп-тексеру объектілерін қоспағанда, тергеп-тексеруді жүргізу туралы бұйрықтың көшірмесі қол қойылған күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей өтініш берушіге және тергеп-тексеру объектісіне жіберіледі. Әрекеттерінде картель белгілері қарастырылатын тергеп-тексеру объектілеріне тергеп-тексеруді жүргізу туралы бұйрықтың көшірмесі тергеп-тексеруді жүргізу кезінде тапсырылады.

Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылуын тергеп-тексеруге қатысатын тұлғалар: өтініш беруші – монополияға қарсы органға Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылғаны туралы мәліметтерді жіберген жеке немесе заңды тұлға; тергеп-тексеру объектісі - өздерінің әрекеттеріне қатысты тергеп-тексеру жүргізілетін жеке тұлға, заңды тұлға немесе дербес салық төлеуші болып табылатын (қаржы ұйымдарын қоспағанда) оның филиалы, аталған тұлғалар тергеп-тексеру жүргізу туралы бұйрық шығарылған кезден бастап тергеп-тексеру

объектісі деп танылады; мүдделі тұлғалар – Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылуы туралы істі қарауға байланысты құқықтары мен заңды мүдделері қозғалатын жеке немесе заңды тұлғалар; монополияға қарсы органның лауазымды адамы – монополияға қарсы органның тергеп-тексеру жүргізуге уәкілеттік берілген қызметкері; куә – тергеп-тексеру үшін маңызы бар қандай да бір мән-жайлар өзіне белгілі болуы мүмкін кез келген жеке тұлға; сарапшы – арнайы ғылыми немесе практикалық білімі бар, іске мүдделі емес жеке тұлға болып табылады.

Тергеп-тексеру жүргізу кезінде іске қатысатын тұлғалар өз құқықтары мен міндеттерін өзі немесе өкілі арқылы жүзеге асыруға құқылы. Егер тергеп-тексеру барысында тергеп-тексеру объектісінің емес, өзге тұлғаның әрекетінде (әрекетсіздігінде) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзу белгілері бар екендігі анықталса, монополияға қарсы орган мұндай тұлғаны Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодекстің 216-бабында көзделген тәртіппен тергеп-тексеру объектісі ретінде тартады.

Нарық субъектісінің, мемлекеттік органның, жергілікті атқарушы органның, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымның әрекеттерінде Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодекстің 216-бабының 2-тармағында көзделген мәліметтерді қарау шеңберінде белгіленетін, Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылық белгілерінің болуын көрсететін нақты деректер болған жағдайда, монополияға қарсы орган тергеп-тексеруді жүргізу туралы бұйрық шығарады.

Монополияға қарсы орган: Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодекстің 169-бабының 3-тармағында, 170-бабының 1-тармағында көзделген белгілер болған кезде тергеп-тексеру жүргізілгенге дейін нарық субъектісінің үстем үлесін айқындау мақсатында тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізеді; Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодекстің 174-бабында көзделген белгілер болған кезде, тергеп-тексеру жүргізілгенге дейін нарық субъектісінің үстем немесе монополиялық жағдайын анықтау мақсатында тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізеді. Бұл ретте осы нарық субъектісіне қатысты монополияға қарсы ден қою шаралары оның нақты үстем болған кезеңіне қолданылады.

Тергеп-тексеру жүргізу туралы бұйрықта: тергеп-тексеру объектісінің немесе объектілерінің атауы; Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтарға тергеп-тексеру жүргізу үшін негіздер; тергеп-тексеру объектісінің әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) байқалатын Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылық белгілері; тергеп-тексерудің басталу және аяқталу датасы; тергеп-тексеру нысанасы; тексерілетін кезең; монополияға қарсы органның тергеп-тексеру жүргізуге уәкілеттік берілген лауазымды адамының тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе); Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтарды тергеп-тексеруге қатысатын адамдардың құқықтары қамтылуға тиіс.

Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтарды тергеп-тексеру Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтарға тергеп-тексеру жүргізу туралы бұйрық шығарылған күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімде жүргізіледі. Монополияға қарсы орган тергеп-тексеру мерзімін ұзартуы мүмкін, бірақ ол екі айдан аспауға тиіс. Мерзімді ұзарту туралы бұйрық шығарылады, бұйрықтың көшірмесі ол шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтініш беруші мен тергеп-тексеру объектісіне жіберіледі.

Монополияға қарсы орган тергеп-тексеру басталғанға дейін тергеп-тексеру жүргізу туралы бұйрықты құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне, оның ішінде электрондық нысанда ұсыну арқылы оны құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда тіркейді. Монополияға қарсы орган тергеп-тексеру барысында бірнеше тергеп-тексеруді біреуіне

біріктіру туралы немесе бөліп алу және жеке тергеп-тексеру жүргізу туралы шешім қабылдай алады. Біріктірілген тергеп-тексеруді жүргізудің мерзімі уақыты бойынша бірінші тергеп-тексеруді жүргізу басталған күннен бастап есептеледі.

Тергеп-тексеруді дұрыс жүргізу үшін маңызы бар кез келген нақты деректер, оның ішінде: өтініш берушінің, тергеп-тексеру объектісінің, мүдделі тұлғалардың және куәлардың түсініктемелері; сарапшылардың қорытындылары; заттай дәлелдемелер; өзге де құжаттар (оның ішінде, компьютерлік ақпараты, фото және кино түсірілімдері, дыбыс-, аудио- және бейнежазбалар бар материалдар) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылу фактілерінің дәлелдемелері бола алады. Дәлелдемелерді жинауды монополияға қарсы органның лауазымды адамы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылуын тергеп-тексеруге қатысатын тұлғалар нақты деректер ұсынуға және олардың анықтығын дәлелдеуге құқылы.

Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылуын тергеп-тексеруге қатысатын тұлғалардың: нарықтың басқа субъектілерінің құпия ақпараты және коммерциялық құпиясы бар материалдарын қоспағанда, істің материалдарымен танысуға, олардан үзінді көшірмелер жасауға және көшірмелерін алуға; дәлелдемелер ұсынуға және оларды зерттеуге қатысуға; іске қатысатын басқа да адамдарға сұрақтар қоюға; сарапшылар тарту туралы өтінішхатпен шығуға; жазбаша немесе ауызша нысанда түсіндірмелер беруге, тергеп-тексеру барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша өз дәйектерін келтіруге; тергеп-тексеруге қатысатын басқа да тұлғалардың өтінішхаттарымен танысуға, тергеп-тексеруге қатысатын басқа да тұлғалардың өтінішхаттарына, дәйектеріне қарсылық білдіруге құқығы бар.

Тергеп-тексеру объектісі Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтарды тергеп-тексеру нәтижелері бойынша қорытындының жобасын келісу комиссиясының қарауына шығару үшін монополияға қарсы органға өтініш жасауға құқылы [2. 256].

Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін, бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласында басшылықты, мемлекеттік монополия саласына жатқызылған қызметті бақылау мен реттеуді, сондай-ақ тауар биржалары саласындағы қызметті мемлекеттік бақылауды және лицензиялауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады [3. 36].

Дербес жасаған әрекеттері тиісті тауар нарығындағы тауарлар айналысының жалпы жағдайына олардың әрқайсысының біржақты ықпал ету мүмкіндігін тиімді шектейтін нарық субъектілерінің жарыспалылығы бәсекелестік деп танылады.

Бәсекелестік: жарыспалылық, адалдық, заңдылық, тұтынушылар құқықтарының сақталу бастауларына негізделеді, олар нарық субъектілерінің ұйымдық-құқықтық нысаны мен тіркелген жеріне қарамастан, нарық субъектілерінің барлығына біркелкі түрде, бірдей шамада және тең жағдайда қолданылады [4. 66].

Адал бәсекелестік барысында тұтынушы өзіне қажет тауарлар мен қызметтерді таңдайды. Нәтижесінде бәсекелестік өндірушілерді жеке тұтынушының, демек бүкіл қоғамның мүдделерін ескеруге ынталандырады.

Бәсекелестікті қорғауды қамтамасыз ету үшін заңнамалық реттеу шеңберінде мемлекет бірқатар шаралар қабылдайды.

Мемлекеттің бәсекелесті нарықта тауарларды сату конституциялық құрылым, ұлттық қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, адам құқықтарын және бостандықтарын, халықтың денсаулығын қорғау жағдайларына теріс әсер етуі мүмкін әрекет салаларында өндіріске және тауарды сатуға, сатып алуға немесе оны пайдалануға Заңмен ерекше құқықты бекіту жолымен бәсекені шектеуге құқығы бар [5. 2006].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы // <https://primeminister.kz/kz/addresses/01092023>. 01.09.2023ж.
2. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ.
3. Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 428 Жарлығы.
4. Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі // <https://www.gov.kz/memleket/entities/zk/activities/333?lang=kk>
5. Киздарбекова А.С., Асетова Г.Б. Кәсіпкерлік құқық: Оқулық. Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011.- 281 бет.